

Әбу Насыр әл Фараби:
Бақыттың мәні - парасаттылықта!

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жасаукершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚАРАША

6

НОЯБРЬ

ЖЕЛТОҚСАН

2013

ДЕКАБРЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында

Сәбит РАЙЫСҰЛЫ.	Төле бидің шешендік сөздерінің психологиялық сапаларды арттыру қызметі.....	3
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Шешендік өнерге үйретудің алғышарттары.....	16
Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ. Дана ИКАПОВА.	Тұмар тағылымы..... О проблеме многоязычия.....	21 26

Педагог пайымы

Бірлік БАРЖАҚСЫМОВ, Анар ОСПАНӘЛИЕВА.	Балалар оқу-сауықтыру орталықтарында білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың әдістемелік жағдайлары.....	34
Индира БЕСІМБАЕВА.	Жаңа технологияларды игеру – заман талабы.....	41
Ардақ ӘБДІРАЗАҚОВА.	Мақал-мәтелдерді пайдалана оқыту арқылы шығармашылық эссе жазуға баулу.....	49
Миятжан САҚАНҰЛЫ.	Рационал теңсіздіктерді шешудің тиімді әдістері.....	55

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Роза ҚАШАҒАНОВА.	7 саны және цифры.....	58
Салтанат ҚАЛИЕВА.	Сын есім.....	61
Шолпан САЛАМАТОВА.	Омыртқалы жануарлардың қозғалуы.....	66
Ардақ САБЫРОВА.	Құлагер – ақын трагедиясы.....	71
Ләззат ИМАНБЕКОВА. Әсем БАЙЖҰМАНОВА.	А.С.Пушкин. «Балықшы мен балық»..... Құзырлылық – білім сапасын арттыру кепілі.....	75 79

Өнеге сағаты

Мөлдір ДОСМАЙЫЛОВА.	Туған тілім – ғұмырым.....	86
---------------------	----------------------------	----

Тәлім-тәрбие қырлары

Қама СМАДИЯРОВА.	Тәрбие көзі – халықта.....	90
Жанар ҚОЖАБЕРГЕНОВА.	Сәнді киім – бойға көрік.....	95

Ашық сабақ ауылында

Жанна МАНАБАЕВА, Жанар ӘЗІРБАЕВА.	Сәрсен Аманжолов – шығыстың дарынды ғалым-зерттеушісі.....	101
--------------------------------------	--	-----

Тәрбие сағаты – жан азығы

Шынар ИСАТАЙҚЫЗЫ.	Біз мүшелге толдық.....	110
-------------------	-------------------------	-----

Оқушының ойлы өлеңі

Нұрканат ОЛЖАС.	Қызылордам, Сырдың елі, жыр елі.....	116
-----------------	--------------------------------------	-----

Тарих қойнауында

Сансызбай МӘДИЕВ, Пазыл БИСЕНБАЕВ.	Низамидің «Ескендір-наме» дастаны: тарихылығы мен фольклорлық негізі.....	118
---------------------------------------	---	-----

Көмекші құрал

Айсұлу ӘЛИАСҚАРҚЫЗЫ.	«Абайтану» курсы.....	131
----------------------	-----------------------	-----

Сәбит РАЙЫСҰЛЫ,

Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының авторы.

ТӨЛЕ БИДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САПАЛАРДЫ АРТТЫРУ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ халқы өрнек ретінде қабылдаған шешендік мұраларға бай. Солардың бір шоғыры – Төле би айтты дейтін шешендік үлгілер. Төле би сөздерінің тарихи маңыздылығы, әдеби құндылықтығы, педагогикалық ұтымдылығы – әрқайсысы өз алдына даралай ерекшелінетін әңгіме. Ал енді адамның психологиялық қасиет сапаларын дамыту қызметі олардың бәріне ортақ деуге болады.

Төле би сөздері халық рухын білдіреді. Ал халық рухы этнопсихология көрінісі деп қабылданған. Қазақ халқының рухын алғаш ғылыми мәнде сипаттаған Шоқан Уәлиханов болды. «Этнопсихология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лацарус, Штейнталь, Вунд, т.б.) пайда болды. Қазақ топырағында бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уәлиханов еді. Оның еңбектерінде «халық

рухы» дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны «халықтық психология» ұғымының синонимі деуге болады» (1). Қазақ халқындағы бата-тілектер, дау-дамайға төрелік айту сияқты шешендік өнер түрлері психологиялық сипатқа ие. Халықтың салт-дәстүрінде ұлттық мінез кең өріс алады. Өткен ғасыр басында Ж. Аймауытов пен М. Әуезов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында: «Бұрынғы уақытта, —, — қазақ елі ұйымшыл, ері — жауынгер, биі — әділ... болған екен»(2),— деп, ұлтымыздың мінез ерекшеліктерін ескерудің мәнділігін көрсеткен. Ұлттық мінезді шешендік сөздердің этнопсихологиялық мәндерін анықтаушы бір белгі деп тану ләзім.

Төле би шешеннің сөздері өзге билердің де айтқандары сияқты белгілі бір толғақты толғанысты, саналы түйсінуді, жүйелі ой қисынын тудыра келе, адам психикасы тәжірибесін қалыптастыру ықпалына ие. Олар адамның сапалық өзгерістерінің көлденеңінен де, тігінен де жүруіне әсер ете алады. Көлденең сапалық өзгерістер деп кісінің өз социумында өз орынын нығайту үрдісіндегі өзгерістерді түсінсек, тік сапалық өзгеріске рухани дамуды жатқызамыз. Бұл екеуі де білім мен тәжірибенің біртұтасты-ғынан дамиды.

Бұл тұжырымды А.Байтұрсыновтың адам қоршаған ортаны көріп біледі, таниды, оны қабылдайды. Бұл әлде табиғат құбылысының, әлде адамның өзінің жеке қызметінің нәтижесі» (3) деп көрсеткені дәйектей түседі. Тәжірибесіз білімнің дамытушылық қуаты болмайды. Білімді қолдана

білсек қана белгілі бір тәжірибеміз қалыптасып, пайдаға асады. Пайдалы білім — даму көзі. «Адамға ...өз ісіне иелік ете алмайтын әлсіздіктен ауыр жаза болмас. Осы шалағайлықтан бекем сақтандыратын құрал — ол тәрбиелі білім, өзіндік тұрмысқа үйрететін білім». (4) Шешендік сөздер білім және таным ретінде қабылдана отырып, психологиялық оң тәжірибе құрайтын болады, адам психикасын жетілдіруге әсер етеді, сөйтіп адамға өмірде тиімді іс-әрекет жасауға көмектеседі.

«Халқымыздың жайсаң психологиясын аса биіктен көрсететін ұлттық ерекшеліктерінің бірі — суырыпсалма шешендік. ...Шешен де шебер сөйлей білу адамның асыл қасиеттерінің бірі есептелініп, мұны олар психологиялық жағынан әсер етудің ерекше құралы, тәсілі деп те санаған.» (5). Тауып сөйлеудің аса бір шебері Бауыржан Момышұлы айтқандай, тіліміз бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйені жандыратын құдіретке ие. Бұл оның қуатты психологиялық қасиеттерін аңғартса керек.

Шешендік сөздерде жеке тұлғаның іс-әрекет психологиясы, қарым-қатынас психологиясы, еріктік психологиясы (зейін, түйсік, қабылдау, ойлау, қиял), эмоциялық-еріктік психологиясы (сезім, эмоция, ерік), дара психологиялық ерекшеліктері (темперамент, мінез, қабілеттілік) әр түрлі сипатта, әр түрлі реңкте, сондай-ақ кешенді тұтастықта көрініс береді. Жеке тұлғаның психикасының сипатын түзуші бұл тұтастық құрылым адам дамуының мүмкіндіктерін

арттыруға қолайлылық тудырады. «Жеке тұлғаның психикалық құрылымы өте күрделі, жан-жақты және сан қырлы. Оның барлық компоненттері өзара байланысты және өзара тәуелді. Жеке тұлғаның дамуымен оның құрылымы да өзгеріп отырады». (6)

Әдетте шешендік сөздер драмалық ойынға тән сапаларға ие. Сондықтан ойын кезінде адам бойында жүретін психологиялық үдерістер шешендік сөздерді қабылдау кезінде де пайда болады. Осы орайдан ойынға қатысу үстінде адамның бойында байқалатын психологиялық құбылыстарға ой жүгіртсек, олардың шешендік сөздермен табысқандағы күйге де қатысатынына көзіміз жете түспек.

Француз психологы Роже Калуа ойын түрлерін төрт топқа жіктеген. Ол бірінші топқа жарыс ойындарын жатқызады. Оған көбіне спорттық ойындар енгізілген. Екінші топ – кез келген әуестік құмар ойындары. Мысалы: лото, сүйек ойыны, бал ашулар, т.б. Үшінші топқа бас айналдыратын ойындар жіктелінген: атракциондар, парашютпен секіру, «тарзан болып секіру», т.б. Төртінші топқа жаңа бір әлем елесіне енгізетін істерді жатқызған: театр, би, жалпы өнер атаулылар – бұлар қиял, еліктеу және бетперделену арқылы біздің бойымызда өзгерістер тудыруға бағытталады, әсер етеді, мүмкіндіктер жасайды. Роже Калуа балалардың еліктеу ойындарын да осы төртінші топқа жатқызады. (7)

Ойын ұғымының ауқымы кең. Ол белгілі бір ережелерді ұстанатын, әдепкіден тыс саналы атқарылатын үдерістер түзілімі. Ойынның бәсекелік,

сайысушылық, жарысушылық, тапқырлық, ептілік, шыдамдылық, үдемелік, қарым-қатынастық, т.б.с.с. сипаттары болады десек, шешендік сөздер табиғатынан да бұл белгілер табылып жатады. Олар да сөз бәсекесі, сөз жарысы, сөз сайысы – бір сөзбен айтқанда, сөз өнері ойыны. Бұның өзі шешендік сөзбен қауышу кезінде адам бойында жүруі байқалатын сан алуан психологиялық құбылыстардың ішінен ойын үдерісінде пайда болатын басты-басты сапа-қасиеттерді екшеп сөз етуге негіз береді.

Ойындағы мақсат пен оған жетудегі әрекеттен туындайтын психикалық оң күйлердің адамға әсер беретіні сияқты шешендік сөздер ойыны да қабылдаушыны рухани биіктікке көтереді. Шешендік сөздердің шешуіндегі тапқырлық пен қабылдаушының жасаған өзіндік сезім-түйсіктері оның өзіне деген сенім күшін арттырады. Шешендік сөздегі жағдаятқа, оның шешілу барысы мен шешіміне белсенді қатынас қабылдаушы үшін тәжірибе жинау үдерісіне айналады. Мысалы, ойындағы сияқты тапқырлық үлгісін Төле бидің мына бір сөзі аңғартады.

Іргелес отырған Жанту және Жантас ауылының екі жігіті шабындыққа таласып, бет көріспестей араздасып, ат құйрығын кесіседі. Әкелерінің, ағаларының ақыл-кеңесін алмай, бір-біріне жауығады. Осыны естіген Төле би екеуін алдына шақыртады. Төле биге екі жақтан келген екі жігіт аттарын бір қазыққа байлап, үйге кіреді. Тізе бүгіп, биге қол беріседі. Төле би біраз уақыт үнсіздіктен соң,

сыртқа шықса, екеуінің аттары бірін-бірі қасысып тұр екен. Өзімен ілесе шыққан әлгі екеуге:

- Япырмай, мына екеуінің татуын қарашы! – дейді. Ишараның астарын түсінген екі жігіт биден кешірім сұрап, сөзге келмей татуласыпты. (8)

Шешендік сөзді қабылдауға екі тең субъект қатысады. Біріншісі – шешендік сөз, екіншісі – қабылдаушы. Егер шешендік сөзге біз объект ретінде қарасақ, онда ол ойын қызметін атқара алмайды. Ал шешендік сөзбен өзіміздің қиял-елесіміз арқылы жанды субъект ретінде қатынаста болсақ, онда ол ойынға тән сипаттар алады. Мұндай жағдайда ойындық кеңістік пайда болып, адам өзі үшін нақ қазіргі шақтағы көкейтесті, өзектілікті, аса мәнді жағдаятты өткір түрде бастан кешу күйіне енеді, проблеманы өз бетінше ойын ретінде саналы шешуге ынта-ықыласы күшейеді. Бұған қол жеткізудің бір жолы – шешендік сөздегі диалогтардың иесінің орынына оны қабылдаушы өзін қойып ойнау. Сонда қабылдаушы бойында: «Мына сөзге мен қалай деп жауап берер едім, мына мәселені мен қалай шешер едім, егер анау шешеннің орынында мен болсам былай дер едім» деген сияқты ой-сезімдер дамиды. Ол өзінің логикалық әлсіз тұстарын аңғарады, психикасының проблемалық аймақтарын көреді. Осыдан келіп адам бойында көшбасылық қабілеттер өріс алады, нығаяды.

Мысалы, Төле бидің мына сөзі қабылдаушының бойындағы отаншылдық сезімді арттыра түсетіні айдан анық.

1740-жылы жоңғар билеушісі Қалдан Цереннің қолы Ташкентті алып, елге қауіп күшейгенде, Күлтөбенің басында үлкен жиын ашылып, оған ел басшылары түгел келеді.

Сонда Қарабек дейтін бір батыр :

- Жауға тізе бұгуден басқа амал жоқ! – дегендей пікір айтады.

Қарабекке ашуланған Төле би :

Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі.

Өзіне келер ұятын

Өзі біліп тұрса игі.

Жаудан бұққан немені,

Ортасынан қуса игі!– деп, ел шырқын бұзғандарды жиыннан қудырып, айналасындағыларға былай дейді:

Уа, көсіле шабар жерің бар,

Ту көтерер ерің бар,

Қол боларлық елің бар,

Атадан қалған жолың бар,

Құлдық ұрсаң дұшпанға

Арылмайтын сорың бар...

Еркек болып туды деп

Мына сені кім айтар?! (9)

Төле бидің төрелігін қабыл алып, ел түгел жауға қарсы күш біріктірген екен.

Бұның өзі психологияда қабылданып жүрген Каюм Насридін: «Адам өзін өзі терең түсінгенде ғана оның ақыл-парасаты кемелдене түсетін болады» (10) деген пікірімен үндес Төле би сөздерінің

психологиялық қуаттылығын көрсетеді. Оның түпкі қазығы «қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген халық даналығында жатыр. Намыс – қазақ рухының өзекті арқауы, қазақ менталитетінің ұйыстырушы цементі. Сондықтан да мемлекеттік Әнұранымыздағы «Жаралған намыстан қаһарман халықпыз!» деген сөздер әрбір қоғам мүшесінің өз жанының ұранды үніндей қабылданады. Жоғарыда келтірілген Төле би сөзінің қуат-күші – оның осы ұлттық намысқа, ұлттық мінезге, ұлттық рухқа негізделуінде. Намыс – жалпы, билер сөзінің тірегі, құралы. Ол әдіс ақындар айтысында да, ақын-жыраулар термелерінде де жиі қолданылады. Мысалы, Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек батыр өзінің жасы едәуір ұлғайған шағында ел аралап шолуға шыққан жолында сырт жаудан елін қорғауға аттанып бара жатқан батырлардан:

«Ел шетіне жау тиіп,
Салып жатыр қиқуды,
Етігімен су кешер
Ер басына күн туды», –

деген сөзді естігенде, жалтармай, жалтақтамай, сол ерлерге қосылып жүре береді. (11)

Шешендік сөздерді түйсіну барысында адам толғану, толқу, тебірену күйін кешеді. Содан соң оны саналы ұғынады, яғни, рефлексияланады. Осы толғаныстар мен рефлексиялардан өзіне керекті, өзі үшін құнды пайым жасайды, ол тәжірибе құрайды. Сөйтіп толғаныс пен тәжірибенің бөлінбейтін біртұтастығы шешендік сөздің әсер ету құндылығын

арттыратынын аңғарамыз. Мысалы, Төле бидің дүниеден өтер алдындағы айтқан сөзінен осынау бүтіндік құрылым байқаймыз. Белгілі ғалым Н.Төрекұлдың «Майқы би және Төле би» деген еңбегінде Жаңыл ақынның Төле биге : «Сізде де арман бар ма екен ?» деген сауалына қайтарған жауабы келтіріледі: «Жаңыл, қалқам, армансыз адам болушы ма еді. Өзгелердің арманы біреу-екеу болса, менің арманым – екеу-төртеу. Оның себебін айтайын: мен қазақ, қырғыздың бір туғандай кезінде туылып, арасы ыдырап, бөліне бастаған тұсында дүниеден өтіп барамын. Осы менің жаныма батады. Алдағы күндері халқымның күні қандай болмақ деп армандаймын!» (12),– депті

Міне, осы үзіндіде берілген драмалық сипаттағы толғаныс пен тәжірибе тұтастығы айқын сезіледі. Ол диалогты қабылдау арқылы біздің бойымызға көшеді.

Бұл Қазыбек бидің «Алтын ұяң – Отан қымбат, туып-өскен елің қымбат, кіндік кесіп, кір жуған жерің қымбат» дейтұғын идеясымен астасып жатқан арманды толғаныс. Ол жан тебіренісімен беріліп, психологиялық ұлттық мінез бен рухты білдіріп тұр. Сөздің тағылымдық мәні мен психологиялық реңкі үндесім тапқан.

Шешендік сөздердегі жағдаят та ойындағы жағдаят сияқты қазіргі өмірде кездеспеуі ықтимал, бірақ олардан қабылданған ақыл-ой және коммуникативтік тәжірибе адам бойында орнығып, пайым болып қалады.

Төле би сөздерінде психологиялық категориялардың түр-түрін кездестіреміз. Мысалы, ұлттық мінезіміздің басты құраушыларының бірі әдептілік десек, Төле биде ол үнемі қатысып отырады және сол үшін де халық жоғары бағалаған. Оған дәлел, Ұлы жүз Төле би мен кіші жүз Әйтеке би бірігіп, Орта жүзден қасқа көлді даулайды. Орта жүздің жас биі Орманбет оларға:

Екі би айтқан сөзің жарасады,

Еншіге әркімдер-ақ таласады.

Қасқа көл Орта жүздің еншісі еді,

Айтқандарың қиянатқа жанасады, –

деп, көлді бермейді. Әділдік пен жөнге тоқтайтын билер әдебін сақтаған Төле би мен Әйтеке би сөзге тоқтап, одан әрі дауды созбайды. Орманбет жеңдім деп масаттанбай, салтанатпен қос дананы қонақ етіп, көңілдерін аулап, ілтипаттық пен тектілік көрсетеді. Біраз күндерден соң екі би аттануға дайындалады. Сонда Орманбетті анасы көндіріп, көлді үш жүздің рулары бірге жайлайтын болып келіседі. Төле би Орманбеттің шешесіне риза болып, былай депті:

«Қасқа көлді алам деп келіп едім,

Орманбет бермеген соң өліп едім.

Жетпіс жасқа келгенде сөзім жерде қалып,

Мәңгіге тірілместей болып едім». (13)

Төле бидің дау қорытындысында әдептіліктің жоғары қойылғанына ризалық айтқан бұл сөзі – өз тарапынан да танытқан әдептілік үлгісі. Ол – сөз жоқ, халықтық психология салтына сай тектілікке тектілікпен берілген жауап. Кейуананың ел бірлігі

үшін еткен азаматтығына билердің де құрмет мәдениетін көрсете алғанын байқаймыз.

Төле би шешендігінде қазақтың ұлттық рухына тән ерекше қасиет – бауырмашылық та орын алады. Елдің тұтастығын сақтау үшін халқымыз өз перзенттерінің кішіпейілділігін, ақ ниеттілігін, адал жүректігін, мейірімділігін айырықша қастерлеп, ол үлгіні ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Мұндай психологиялық сабақтастық жүйесінде еліміз сондайлық сипаттар тән Төле би сөздерін де сақтап келген. Мысалы, ел ауызында Төле би айтты дейтін мынадай сөз бар. Шешеннің қартайып, науқасы мендеген шақта Жаңыл ақын арқылы еліне өсиет сәлемін жолдайды:

«Тағы сәлем үш жүзде көз көргенге,

Өзі сұрап дұға қып іздегенге.

Киімді ұлым көп сәлем Абылайжанға,

Шағы келсе, бір қоссын елді елге». (14)

Мұнда этнопсихологиямыздың биік шыңы – бауырмашылық сезімі Отан, елжандылық, халық пен ел билігі деңгейінде көрініс тапқан.

Қазақ халқының ұлттық мінез-құлқы адамгершілікке негізделеді. Адамгершілік – өмір салты болған. Төле би сөздері де адамгершілік қасиеттерді паш етуге бағдарланады. Елін, жұртын адамгершілікке нұсқайды. Бірде атақты батыр әрі шешен Шақшақ Жәнібек Төле биге сәлем бере келіп: «...Елінде кәрің болса, жазулы хатың; жайлаған көліңнің алдында төбең болса, ерттеулі атың демеуші ме еді, ақыл сұрай келдім», – депті. Сонда Төле би:

«Өгізді өрге салма, қанатың талар; наданға көзің салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер; дұшпанға сырыңды айтпа, түбіңе жетер. Жал-құйрығы қаба деп жабыдан айғыр салма, жаугершілік болғанда, жадағайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар...Әйел алсаң, көріктіге қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар, ұрыншақ ат жисаң – жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, еңбек түбі құт болар. Елге бай құт емес; би – құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш; ел шетіне жау тисе, батыр менен биге күш. Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай нәсіп болмас. Менен ақыл сұрасаң – айтарым осы » (15), – деп ақылын айтыпты. Төле бидің бұл өсиетінде қабылдаушының бойында психологиялық оң сапалар тудыратын адамгершілік мәндер тұнып тұр. Сол заманда қойылатын адамгершілік талаптар толық қамтылған деуге болады.

Қорыта айтқанда, шешендік сөздерді белсенді түрде қабылдаушы өз бойында толғаныстарды, жан күйзелістерін тудыру арқылы пайым мен тәжірибе жинайды. Олар өмірге керекті өзектілікті құзыретті күшке айналдырады. Шешендік сөздер қабылдаушы үшін өзінің қабілет-күштерін өзі ашушы, өзін-өзі дамытушы ойын қызметін атқарады. Адам өзінің ой-өрісінің деңгейін шешендік ойындар арқылы анықтай алып отырса, ондай ойындағы толғаныстардың тұлға қалыптастыруда көмегі қарқын ала бермек. Шешендік сөздерді белсенді қабылдау барысы

мен нәтижесінде пайда болған толғақты пайымдар мен тәжірибе өмірде қолданылса, онда олардың психикалық сипаттарға ие болғаны.

Төле би сөздері де жалпы шешендік сөздердің қасиет-сапаларына ие бола отырып, ұлттық рух, ұлттық мінез көрініс тапқан мұра ретінде этнопсихологиялық ерекшеліктерінің бай болуымен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Б.Жарықбаев. Жантану оқулығы. А., «Шұғыла» ЖШС, 2008, 633-бет (5,10);
2. Ж.Аймауытов, М.Әуезов. Алаш, 1917, 30 наурыз, №16;
3. А.Байтұрсынов. Шығармалары. А., «Жазушы», 1989, 318-б.;
4. К.А.Оразбекова. Ұлттық психология. Оқулық. 1-кітап. А., 2010, 200-б., 51- беттен. С.Г.Выборнова. Что наша жизнь? Игра! Лечебные письма, №15, 2013, ст 16-17;
5. Қ.Сейталиев. Жалпы психология: Оқу құралы. А., «Білім», 2007, 360-бет.;
6. С.Г.Выборнова. Что наша жизнь? Игра! Лечебные письма, 2013;
7. Төле би. Құрастырып, алғы сөзін жазған Сәрсенбі Дәуітұлы. А., «ҚазАқпарат», 2008, 360-бет;
8. Б.Адамбаев. Қазақ шешендері. А., «Білім», 2008, 304-бет. (11, 13, 14, 15);
9. Н.Төрешұлы. Майқы би және Төле би //Төле би, Құрастырып, алғы сөзін жазған Сәрсенбі Дәуітұлы. А., «ҚазАқпарат», 2008, 360-бет.

Ғалия ШӘРІПЖАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Алматы қаласы.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ ҮЙРЕТУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қазіргі уақытта адамдар бойынан белсенділік, тапқырлық, алғырлық, іскерлік сияқты қасиеттерді тану алғашқы орынға қойылған мәселе.

Елімізде шығармашылық бастамаларды дамытудың алғышарттары құрылды. Әр түрлі ой-пікір, наным-сенімдердің таралуына кең жол ашылды. Осының барлығы қазіргі адамдардан коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді.

Коммуникацияның басты құралы – сөз. Найзадай өткір қызыл сөз барлық уақытта да адамдардың көзқарастары мен нанымдарына, іс-әрекеттеріне үлкен әсер еткен. Сөз сөйлеген кісі айналадағылардың назарын өзіне аударады. Қандайда бір пайымдау жасай отырып, ол тыңдаушыларға әсер етеді және өз көзқарасын түсіндіріп, дәлелдеп тануға тырысады.

Өмірдің өзі белгілі бір ережелер жүйесінен тұрса, тіл де, сөйлеу мәдениеті де – адам қолындағы қажетті құралдың бірі. Тілдің адам өміріндегі маңызды факторлардың бірі екендігіне Ахмет Байтұрсынұлы тоқталған: «Жаңа дәуірден бастап ХІХ ғасырдың соңына дейін мәдениеттегі тілге көп көңіл бөлінген жоқ. Тіл сананың, ойдың, рухтың құралы ретінде ғана, қосалқы бөлшек есебінде қарастырылып келді. Тек ХІХ ғасырдың басында ғана философияда, мәдениеттануда тілге деген бетбұрыс байқалды. Соның нәтижесінде тіл адам баласының ең негізгі өмір сүру тәсілі екендігі айқындалды» /Н.Машқанова. А.Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы. А., 1994/.

Шешендік өнердің қыр-сырына жетік адам тұрмыстық, әлеуметтік, іскери және кәсіби өмірдің қарым-қатынасында болатын әр түрлі жағдаяттарда өзін сенімді ұстайды. Мұндай адам туыстары мен достары, таныс немесе бейтаныс адамдармен, қол астындағы бағынышты адамдармен немесе басшылықпен әлдеқайда жеңіл байланыс орнатып, оңай тіл табыса алады. Мұны кез келген істе табысқа жетудің амал-тәсілі десе де болады.

Сонымен іскер адамға табысқа жетудің алғышарттарын меңгерген жөн деп есептесек, оны төмендегідей ғылым негіздерімен таныстықтан бастағаны дұрыс: қарым-қатынас мәдениеті мен этикасы, тіл мәдениетінің негіздері, шешендік

өнердің негіздері, пікірталас шеберлігінің негіздері, т.б.

Университетімізде типтік бағдарлама негізінде осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, әр түрлі мамандандырылу бағытындағы орыс бөліміндегі техникалық мамандық алатын студенттерге жүргізілетін «Қазақ тілі – 2» пәні ғылыми-іскерлік аясында нақты тілдік жағдаяттар арқылы шынайы коммуникативтік тапсырмаларды тілдік құралдар арқылы меңгертіп, іскерлік қазақ тілінде сөйлеп үйренудің, ресми құжаттарды мемлекеттік тілде жазып, қолдана білудің белсенді құралы болып табылады. Қазақ тілінің лексика-грамматикалық жүйесін ғылыми, ресми-іс қағаздар, ғылыми-көпшілік стильге негізделген мәтіндер арқылы оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу дағдыларын жеделдету тәсілімен үйрену де курстың ерекшелігіне жатады.

Әр сабақ берілген лексикалық тақырып көлемінде көптеген тапсырмалар мен жаттығулардың көмегімен студенттің коммуникативтік, когнитивтік, мәдениеттанымдылық, ақпараттық-технологиялық, әлеуметтік қарым-қатынас, т.б. құзіреттілігін жетілдіруге бағытталады. Нәтижесінде студенттер мәтін мазмұнын саналы түрде оқып, қабылдап, сұрақ қойып қана қоймай, кәсіби іскерлік қарым-қатынаста жиі кездесетін сөйлеу модельдерін қолданып, іс қағаздарын жүргізу, пікірлесудің дұрыс жолдарын таңдай білуге және сауда-саттық хат жазысу мәдениетін

меңгеріп, сауатты жаза білуге, жарнама мәтіндерін құрастыруға, оқыған ғылыми және ғылыми-көпшілік, публицистикалық мәтіндерге аңдатпа жаза білуге машықтанады.

Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі, тілдік единицалардың ішінде сөздің алатын орыны, сөздің лексикалық мағыналарының түрлері (тура, ауыспалы мағынасы, фразеологиялық байлаулы мағына, көп мағыналық), омоним, антоним, синоним сөздер, лексикалық және грамматикалық мағыналарының ара қатысы мен байланысы жөніндегі түсініктері дамытылады.

Энциклопедиялық сөздіктердің, сондай-ақ лингвистикалық сөздіктердің түрлерімен, атап айтқанда, орфографиялық сөздік, терминологиялық сөздік, шетел тілдер сөздігі, түсіндірме сөздік, фразеологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, логикалық сөздік-анықтамалармен өтілетін тақырыптың тұсында жоспарлы, белгілі мақсатқа сай жұмыс дағдылары жетілдіріледі.

Әр функционалдық стиль нормаларының әдеби тіл нормаларына қатысы, алатын орыны, даму әлеуеті мәселелеріне байланысты жанр түрлерін таныстыру сипатындағы өзіндік тіл өрнектері бар мәтіндер мен тапсырмалар арқылы оқу, біліктілік дағдыларын қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

Ауызша сөйлеу тілін жылдамырақ игеру үшін қарым-қатынаста жиі қолданылатын сөздерді жаттату көзделеді. Радио, теледидар арқылы және қазақ театрларына бару да қазақ тілін меңгеру үдерісін тездете түседі.

Әңгімелесу сабақтарының сипаты мен мазмұны біртіндеп күрделене түседі.

Ауызша және жазбаша ресми қарым-қатынас және іс қағаздары тілін меңгеру оқу үдерісінің негізі болып табылады. Қазақ тілінің лексикасын, грамматикасын және стилистикасын меңгеру осыған байланысты құрылады.

Пән бойынша мәтіндер былай топтастырылады: 1) ақпараттық-рефератты мәтіндер (энциклопедия мақалалары); 2) ғылыми-бағалау мәтіндері (пікірталас, жұрт алдында сөйлеу, шешендік сөз өнері); 3) басқару құжаттары (бұйрық, өкім, хаттама, баяндау хат, т.б.); 4) іскерлік хат жазысу (хат, рекламация); 5) ақпараттық және жарнамалық мәтіндер (мамандыққа байланысты мәнмәтінде), т.б.

Бұл пәнді оқытуда белсенді-коммуникативтік әдіс жетекші орын алады. Сондай-ақ танымдық-практикалық, когнитивті әдістер де қолданылады.

ТҰМАР ТАҒЫЛЫМЫ

Біздің дәуірімізге дейінгі тарихтың 529 жылы қондыгер – қаңлының әскері Құрыш патша бастап келген бүкіл әлемнің біріккен армиясын талқандады. Осылайша парсы империясының күйреуі басталды.

Соғыстан кейін көшпенділер ұлан-ғайыр той жасайды. Тойдан соң бүкіл қондыгер – қаңлының көсемдері қатысқан үлкен әскери кеңес болыпты. Бұл кеңеске қаңлының ең әулетті руларының бірі – қамбар ғана қатыспаған екен. Осы жерде кейінгі хұн, түрік және қазақпен басқа түрік халықтарының негізі болған қаңлы (скиф) руларын атап кеткенді жөн көрдік. Әрине, қаңлының, қайсысы болса да, нәсілі басқа халықтарға патша үлестіре алады. Алайда қаңлының өз ішінде жолы бәрінен үлкен бас әулет немесе ру болған. Ол – қисары руы. Қаңлы елінің өз патшалары тек қана осы қисарыдан сайланады екен. Ал Тұмар осы рудан екендігін ескерсек, онда қисары грек жәдігерлеріндегі массагетке сәйкес келеді. Сондай-ақ байырқу, сарын, ителі, таз, тоқар, қамбар, кердері, жұла, баят, баня, баятан, тебен, күшік деген рулар аталады. Грек және басқа халықтардың жәдігерлерінде айтылатын исседон, тиграхауда

сияқты рулар бұл аталған аталықтардың қайсысына сәйкес келетінін білмейміз. Тек тоқар руының аты танылатын сияқты. Ал, хаумаварга жоғарыда аталған қамбар руына сәйкес келеді.

Әскери кеңесте Тұмар «Енді парсыны не істейміз?» деген сауал қояды. Ақырында барлық әскербасылар ақылдаса келе парсыны жаулау керек деп шешкен екен. Көп ұзамай 20 мың қаңлының әскерін бастаған Оғланерек деген қолбасшы парсының жеріне басып кіреді. Иранның ескі тарихында парсы империясының астанасы Пасарғады деп аталады. Қаңлының көне тілінде бұл қала Иранбек деп аталған. Оғланерек құрылтайдың тапсырмасын бұлжытпай орындап, Құрыштың бүкіл тұқымын қырып салады, Камбиз бен Бардия деген екі баласын өлтіреді. Содан соң сарай төңірегіндегі Гуштасп деген құлдың Дарьяуш есімді баласын таққа отырғызады. Құрыштың әйелі Жаһанбану патшайымды алдына келтіріп, «Сен енді Дарьяуш (Дарий) патшаның әйелі боласың» деді. Алайда күйеуі мен екі баласының қайғысына төзбеген Жаһанбану у ішіп өледі. Ахемен династиясының негізін қалаған, нәсілі қаңлы Құрыштың әулеті өз өмірін осылай аяқтаған екен.

Асқар Сүлейменовтің айтқаны бар: «Ұзақ жасаған өтірік шындыққа айналады, ұзақ жасаған шындық қартайып, өтірікке айналады».

Бірде Кеңес заманында жазылған бір тарихи зерттеуді ақтарып, қарап отырып «Парсының ресми тарихнамасында қалыптасқан дәстүр бойынша» деген бір сөзді көзім шалып қалды. Шынымды

айтайын, өз көзіме сенбедім. Анықтап қайтадан оқыдым. Шынында да солай екен. Парсының ресми тарихнамасында шындықты бейнелеудің, пайымдаудың ерекше «дәстүрі» бар екен. Міне, сұмдық қайда жатыр!

Тарихи шындықты жеткізудің дәстүрі бар болса – ол болғанды сол болған күйінде жазу, келер ұрпаққа барды барша айтып беру.

«Пәлен немесе түген елдің ресми тарихнамасында қалыптасқан, тарихи шындықты бейнелеудің дәстүрінің» тамырын қуалайтын болсаңыз, бүкіл әлемдік апаттан соң Ілкі Дәстүрдің күйреуінен кейінгі заңсыз егемендіктер дәуіріне барып тірелесіз. Ұлттық мемлекеттердің мүддесін көздеген тарихты бейнелеудің «дәстүрлері» осы кезде пайда болған. Біз тарих аңғарында түрлі вариант – нұсқада мәңгі қайталанып отыратын, айнымайтын, өзгермейтін тарихи архетиптерді шырамыта алмаймыз, архетип пен «наманың» арасын ажырата алмаймыз.

Архетип адам санасының структурасынан тамыр тартады, ол – адамның тарих сахнасындағы әдепкі істерінің көрінісі. Архетип «Адам осылай істейді, себебі адам өзгермейді» деп баян етеді, яғни, шындықты, психологиялық шындықты айтады.

Ал «нама» (мысалы, «Шәйбани-нама») көп жағдайда әлдебір әулеттің, әлдебір патшалық династияның аңызбен астас тарихын бейнелейді.

Үстем тарихи мектептер көп жағдайда «наманы» ғылымиландырып «тарихи шындыққа» айналдырады. Мысалы, парсы империясының саяси

тарихы туралы оқулықтарда «Құрыш өлгеннен соң оның баласы Камбиз патша болды. Содан соң келесі жылы-ақ (яғни, б.д.д. 530 жылы) тағы да соншама әскермен Дәштіге жорыққа аттанды, скифтерді қырып-жойып бағындырды, осылайша әкесінің кегін алды» деп жазылады. Бүкіл қарулы күштері толықтай жойылған империя тағы да жарты миллион әскер шығарады (Оны қайдан алды екен?). Әскерді, сол б.д.д. 529 жылы, әкесі Құрыштан көп болса бір ай кеш өлтірілген Камбиз басқарды!

Қаңлының қамбар руы осылай жер бетінен көшкен екен. «Саны көп еді, бірақ патшаларының ақымақтығынан осылай болды» деп жазады жәдігерлер. Әрине, азын-аулақ қамбар шаңырақтары Ескендірге ілескен екен. Бүгінде Индиядағы кейбір раджпут тұқымдары осы қамбардан тараған екен делінеді.

Өз жорамалымыз: қамбарлардың кей тұқымдары оғыз, селжүк тайпаларына да сіңіп кетуі мүмкін. Мысалы, әзірбайжандарда Гамбар деген ат, Гамбаров деген фамилия көп кездеседі.

Ал Ескендір Солтүстік Индияға барып Пор деген патшамен соғысып, соның елін бағындырады. Содан соң Дарьяуштан қалған ұлы империяны меңгеруге кіріседі. Парсының бір аксүйегінің (бір мәліметте Дарьяуштын) Раушанақ (бізше Раушан, орысша, еуропаша Роксана) деген қызына үйленеді, одан бір ұл бала көреді. Ол баланы тақ мұрагері деп жариялайды. Алайда барлық уақыттағыдай жауланған елдің элитасы жаңа патшаны аздыра бастайды. Ескендір

шарапқұмар, қатынқұмар, нашақорға айналады, парсының шахиншахтарына еліктеп өзін құдай деп жариялайды. Өзін пәлекеттен сақтандырмақ болған ұстазы Каллисфен деген философты арыстанға талатып өлтіреді. Өзімен құлын-тайдай тебісіп өскен кешегі балалық шақтың достары, бүгінгі әскербасы – диадохтарға «алдыма келгенде етпеттеп жатындар, шапанымның етегін сүйіңдер» деген талаптар қоя бастайды.

Ескендірдің өлімінің үш болжамы бар. Біріншісінде, диадохтар бір іштің үстінде семсерлерін суырып Ескендірді кескілеп өлтіреді. Екіншісінде, Ескендір безгектен өледі. Үшіншісінде, Ескендір сахабаларының қолынан у ішіп өледі. Біздің ойымызша, үшінші болжам – версия шындыққа келеді, себебі, сахабалардың қашанғы саясаты бойынша, қызметін өтеп болған адам осылай өлтіріледі. Империя құрылды, енді Ескендірдің керегі жоқ. Оның орынына айтқанды орындайтын, ноқтаны үзбейтін басқа адам отырғызылды.

Ескендір өлгенде Раушанақ тақ мұрагерін алып сарайдан қашады. Алайда диадохтар ақтармаған жер қалдырмай, тінтіп түріп, «жиһангердің» жесірін табады, баласымен қосып өлтіреді.

Парсы империясының территориясында бір-біріне тәуелсіз, ал ең бастысы бір-бірімен бақас, жау бірнеше мемлекеттердің пайда болуы да – сахабалардың тамаша саясатының көрінісі (Таласбек Әсемқұловтан).

Дана ИКАПОВА,
ассоц.профессор, к.п.н.,
Казахско-Американский Университет.

О ПРОБЛЕМЕ МНОГОЯЗЫЧИЯ

«Казахстан должен восприниматься во всем мире, как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками: казахский язык – государственный, русский язык, как язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику», - отмечает Н.А.Назарбаев «Новый Казахстан в новом мире».

Президент страны поставил высокую планку перед отечественным образованием. Оно должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжать обучение в зарубежных вузах.

В Послании Президента Республики Казахстана Нурсултана Абишевича Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского,

как государственного языка, русского, как языка межнационального общения и английского, как успешной интеграции в глобальную экономику. Практически во все документах в области языковой политики стержневой идеей является необходимость овладения несколькими языками.

Объективной необходимостью в условиях современного образования становится создание инновационной модели общего среднего образования, сочетающей лучшие традиции казахстанской и мировой образовательных систем, позволяющей уже в стенах школы приобщать учащихся к научно-исследовательской и экспериментальной деятельности, воспитывать высокообразованную личность с активной жизненной позицией, способной конкурировать на международном уровне. Для воспитания интеллектуальной личности требуется изменения сложившейся структуры школы, системы взаимоотношений, проектирования содержания образования, методик обучения, принципов оценивания учебных достижений.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык, как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем.

Вместе с тем, интеграция в мировое экономическое пространство не представляется возможной без знания мировых языков, в частности, английского

языка. В связи с его интенсивным изучением языковую ситуацию для большинства казахстанцев в полной мере можно обозначить как многоязычную. Обеспечить успешную интеграцию в мировое образовательное пространство и обеспечение доступа учащихся к актуальной информации на любом из трех языков: казахском, русском, английском языках, для реализации данной цели на сегодняшний день в школах нашего города осуществляется раннее обучение английскому, казахскому языкам, а также их углубленное изучение иностранных языков в школе, особенно в свете перехода школы на 12-летнее образование, где речь идет о профильной подготовке, целесообразно. Важное место при этом отводится прикладным курсам, элективным курсам и курсам по выбору для учащихся профильных старших классов соответствующим запросом учащихся, которые их выбирают.

Раннее обучение иностранным языкам нацелена на воспитание полиязычной личности школьника, освоившего ценности языка, готового к социально-культурному взаимодействию на родном и других языках; способного общаться с окружающими вербальными и невербальными средствами. По стандарту, языковая компетентность ребенка к шести годам заключается в свободном владении родным языком в рамках требований к лексико-грамматическому и фонетическому уровню развития для своей возрастной группы, основами других

языков.

Наши сегодняшние малыши -это завтрашние хозяева страны.

И поэтому уже, сегодня необходимо заботиться о воспитании маленьких граждан РК. Одним из важнейших факторов в воспитании гражданственности и патриотизма в любом обществе является чувство глубокого уважения к языку своего государства. Чем раньше ребенок начинает изучение языка, тем легче ему усвоить язык. Обучение детей разных национальностей второму языку представляет собой сложный и многоаспектный процесс формирования новой системы языкового сознания, протекающий в специфических условиях.

Президент страны так обозначил проблему изучения языков: «Для нас будет великим преимуществом, если мы будем в совершенстве владеть казахским, русским и английским языками».

В Послании Президента Республики Казахстана Н.А.Назарбаева народу Казахстана особо подчеркнуто, что «реформа образования – это один из важнейших инструментов, позволяющих обеспечить реальную конкурентоспособность Казахстана. Нам нужна современная система образования,соответствующая потребностям экономической и общественной модернизации».

Казахстан стремительно врывается в мировое сообщество и ставит перед собой высокие цели развития. Именно под этим ракурсом стоит

рассматривать и вопросы изучения иностранных языков, качественное знание которых есть сегодня не самоцель, а требование времени.

«Содержание образования будет обогащено ранним изучением иностранного языка и основ информатики»- говорится в «Государственной программе развития образования в Республике Казахстан до 2020 года».

Войти в число 30-ти наиболее развитых стран и двигаться в этом направлении дальше – задача на многие годы вперед. А это означает, надо общаться с представителями этих и других стран на одном языке, решать с ними общие проблемы. Одним словом, с каких сторон не подходи, актуальность изучения языков не снимается с повестки дня. Чем больше знаешь языков, тем лучше. Мир становится ближе, доступнее и интереснее.

Знание не одного, а нескольких языков делает человека свободным в общении и выражении своих мыслей. Именно к такому образованию должны стремиться молодые люди. В современных условиях владение иностранными языками является признаком высокого уровня образованности. В основе этого лежит идея непрерывности и преемственности образовательного процесса. Принципы непрерывности преемственности образования вовсе не случайно заложены в основу и профессионального образования.

Возможно ли сознательное воздействие на развитие языка? Общеизвестно, что языки развиваются двояко: с одной стороны стихийно, с другой – подсознательным воздействием государства, что выражается в его языковой политике.

Вопрос развития полиязычия сегодня выдвигается в одну из ключевых проблем. Социальная острота вопроса обуславливается интеграцией Казахстана в мировое экономическое пространство, что предполагает знание мировых языков, в частности, английского языка.

Под лозунгами укрепления экономической и оборонной мощи страны не должен быть ущемлен казахский язык в своем развитии. Как не учитывались языковые запросы казахов, забота о родном языке, расценивалась как национализм-обвинение, страшнее которого ничего не было для казахов в 30-е и 50-е годы. При этом чрезвычайно важно отметить, что главная причина сужения общественных функций казахского языка – условия многоязычия, при котором главный упор делают в основном на развитие средств межнационального общения – русского языка.

Говорится об улучшении изучения казахского языка в Республике. Однако это не дает ожидаемых результатов. Почему? Главная причина – формальное отношение к изучению казахского языка.

Надо учитывать, что изучение второго языка – дело сложное, требующей определенной продолжительности и непрерывности. Кроме того, будучи, бесспорно, положительным началом, оно заранее было обречено на провал в связи с отсутствием отчетности.

Как показало специальное исследование, проведенное на территории республики, определенная часть городских казахов, особенно молодежь, языком своей национальности на уровне родного языка не владеет. Одной из главных причин является то, что часть казахов, обучавшаяся на русском языке, не может читать и достаточно свободно говорить на родном.

Во всех звеньях государственного аппарата городов и поселков городского типа, в делопроизводстве, в официальном общении до сих пор монопольное положение занимает русский язык. Он используется как родной и второй язык достаточно большим количеством местного населения, в том числе и лицами коренной национальности Казахстана. Все эти факторы не могут не тревожить и не вызывать беспокойства за судьбу казахского языка.

Представители казахского народа, особенно писатели, журналисты, учителя школ, студенты, преподаватели вузов активно выступают за всемерную гармонизацию языкового аспекта национальных и межнациональных отношений

в республике. Во всех выступлениях с тревогой отмечается сужение общественных функций казахского языка, падение его престижа. Отсюда – равнодушие граждан Казахстана и повышенной интерес национальной интеллигенции к поиску конструктивных политических и правовых решений проблемы, создания необходимых условий для развития казахского языка. При этом мы должны заботиться о том, чтобы в и без того осложненной языковой ситуации не было места конфликтам.

Знание, использование государственного языка следует мотивировать стремлением превратить его в более совершенное средство общения. Он должен быть способным не только оказывать влияния на другие языки, но и способность дальнейшему развитию многоязычия находясь с другими языками в отношениях функциональной взаимодополнительности.

В ситуации многоязычия казахский язык должен претендовать на ведущую роль как во внутринациональном, так и в межнациональном общении по республике. Тем самым он приобретает объединительную функцию и будет способствовать достижению культурно-политического единства на государственном уровне.

Бірлік БАРЖАҚСЫМОВ,
Анар ОСПАНӘЛИЕВА,
«Балдәурен» республикалық оқу-
сауықтыру орталығының қызметкерлері.

БАЛАЛАР ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес қосымша білім беру мен тәрбие балалар мен жасөспірімдерге шығармашылық іс-әрекеттің түрлі саласына тең қолайлы жағдай жасай отырып, өз қажеттіліктерін адамгершілік, ақыл-ой және дене дамуында, кәсіби анықталуында, салауатты өмір салтын қалыптастыруда жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балалар сауықтыру орталықтарында жасөспірімдердің іс-әрекетінің бірлестігінің өзгешелігі мынадай жағдайларда негізделген: балалардың әр түрлі деңгейлі және әр түрлі жас құрамы; оқудың қысқа мерзімділігі; оқудың қарқындылығы.

Балалар оқу-сауықтыру орталығындағы қызығушылық бойынша бірлестіктерге қатысу сәндік-қолданбалы шығармашылыққа бейімділікті қамтамасыз етеді.

Балалар оқу-сауықтыру орталықтарындағы негізгі іс-әрекет қызығушылықтар бойынша (үйірме, секция, студия, клуб, ансамбль, театр және т.б.) бірдей жастағы немесе әр түрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады. Ауысым қатысушысы жоғарыда айтылған бірлестіктердің бірнешесіне қатыса алады. Балалар сауықтыру орталықтарындағы бірлестіктердің іс-әрекетінің негізгі көрсеткіші осы іс-әрекеттің тәжірибеге бағытталған сипаты, бала үшін өз еңбегінің маңызды нәтижесі, өз қабілеттерін барынша жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Балалар мен жасөспірімдер индивидуалды және топтық іс-әрекеттің әр түрлеріне қатыса отырып, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің аясы, қызығушылықтарының шеңбері кеңейе түседі.

Балалар оқу-сауықтыру орталығындағы қызығушылықтар бойынша бірлестіктердегі сабақтарда бала тұлғасының базалық мәдениетінің қалыптасуының басымдық технологиясы бұл – тұлғалық дамудың технологиясы. Аталған технологияның негізі – адам тұлғасының біртұтастылығы, оның ұдайы өзін-өзі анықталуы мен өмір сүру әрекеті үдерісіндегі өзін-өзі дамытуы; баланың жаңа мәртебесінің қалыптасуы; тұлғааралық

диалог; жекедаралық және ұжымдық іс-әрекеттің өзара байланысы мен өзара тәуелділігі; белсенді рефлексивті іс-әрекетті ұйымдастыру.

Тұлғалық даму технологиясын жүзеге асыру үшін педагог тұлға, жекедаралық, өзін-өзі көрсету, субъекттілік, мен-концепция сияқты категориялардан тұратын белгілі бір түсініктер жиынтығын (аппаратымен) меңгеруі қажет.

Балалар сауықтыру орталықтары жағдайында өзара әрекеттесу сипатын жобалау және балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын белсендіруге арналған педагогикалық тәсілдер; қарым-қатынастың әр түрлі формаларын қолдану, диалогтар ұйымдастыру; балалар үшін іс-әрекетте табыс жағдаяттарын жасау; педагогикалық өзара әрекеттестікте сенім мен толеранттылықтың көрінуі; жасөспірімдерді іс-әрекеттің жекедаралық және ұжымдық таңдауды жүзеге асыруға ынталандыру; педагогикалық қолдаудың әдістері мен амалдарын бала іс-әрекетін ұйымдастырудың басымдық тәсілдері ретінде таңдау сияқты шарттар баланың тұлғалық даму технологиясы мазмұнының негізін құрушы болып табылады.

Балалар сауықтыру орталықтарындағы үйірмелердегі сабақтар құндылықты-мағыналық теңдік, педагогикалық үдерістің тұтастылығы, тәрбие мазмұнының индивидуалды-тұлғалық бағдарының ұстанымдарына сәйкес ұйымдастырылады.

Үйірмелердің жұмыс барысында оқу-іс-әрекетін

ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері ретінде сөздік әдістер (әңгіме, түсіндіру, сендіру, мадақтау), көрнекілік (бейнелерді демонстрациялау, слайдтар, дайын үлгілерді көрсету, иллюстрациялар), практикалық (жаттығулар, графикалық сызбаларды құру және орындау), аналитикалық (бақылау, салыстыру, өзін-өзі талдау) қолданылады.

«Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында тәжірибе барысында қызығушылықтар бойынша бірлестіктер сабақтарының белгілі бір түрлері қалыптасты: құрамдастырылған, материалмен алғашқы таныстыру, жаңа білімді меңгеру, меңгерілген білім мен іскерліктерді тәжірибеде қолдану, бекіту және қайталау, қорытынды.

Балалар сауықтыру орталығында қызығушылықтары бойынша бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру формалары болып сабақ, дөңгелек үстел, жарыстар, лекция, концерт, репортаж сабақ, көрме, саяхат сабақ, саяхаттар, сырттай саяхат, диспут, шығармашылық шеберханасы, шығармашылық есеп болып табылады.

Осы аталған мәселелер бойынша міндеттерді анықтауда және қалыптастыруда келесі жүйелеуді ескерген жөн: танымдық (танымдық қызығушылықтың дамуы, танымдық іс-әрекетке қатысу); дамытушылық (тұлғалық өзіндік білім алудың, яғни, белсенділіктің, дербестіктің, қарым-қатынастың дамуы); мотивациялық (қолайлы жағдай тудыру, табыс жағдаяты, мейірімділік көрсету);

элеуметтік-педагогикалық (қоғамдық белсенділіктің қалыптасуы, социумда жүзеге асырылу); үйретуші (арнайы білім, білік, дағдылардың қалыптасуы, білімдік қажеттіліктердің қанағаттандырылуы); эстетикалық (ұқыптылық, жинақылық, мінез-құлық мәдениеті, өнерді бағалау); сауықтыру (салауатты өмір салтын қалыптастыру).

Ұсынылатын іс-әрекеттің мазмұны мен әдістеріне сай келетін міндеттердің саны жоспарланған істі жүзеге асыру қажеттілігімен байланысты. Міндеттер анық және қысқа болуы тиіс және негізгі (кілт) сөздері болғаны жөн (көрсету, құрастыру, меңгеру, ұйымдастыру және т.б.). Педагог жүзеге асыратын міндеттер басты үш аспектіден құралады: танымдық, дамытушылық және тәрбиелік.

Танымдық – негізгі және анықтаушы аспект. Ол бірнеше талаптарды орындаудан тұрады: оқыту және әрбір оқушыны өзі білім алуға үйрету, балаларға не істеу керектігін көрсету, іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыру, жұмыс нәтижесінде игеруі тиіс нәрселерді тануға бағыттау.

Дамытушылық аспект – бірнеше бөліктерден тұрады: сөйлеудің, ойлаудың, сенсорлық және қозғалыс аймақтарының дамуы. Дамытушы міндеттер ретінде балалардың зейінінің, ой-өрісінің дамуын, оқу материалын ұтымды пайдалану, еске сақтау, салыстыру, теңдестіру, өзіндік пайымдаулар мен қорытынды шығару, өз жұмысын жоспарлау, өзін-өзі бақылау; кеңістікте бағдарлану, жаттығулар

мен тапсырмаларды дәл орындау, ұсақ моториканың дамуы, өзінің қозғалыс әрекеттерін басқару және т.б.

Тәрбиелік аспект оқушы тұлғасының еріктік, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, азаматтық, экологиялық және басқа да қасиеттерінің дамуы мен қалыптасуын қарастыруы тиіс. Бұл, негізінен, жалпы адамзаттық құндылықтарға, азаматтық парыздың жоғары сезіміне дұрыс қатынасқа бағытталуы керек.

Жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұны мынадай басты міндеттерді басшылыққа алуы тиіс: негізгі білім беру іс-әрекетінің қандай да бір түрлерінің орынын толтыру және толықтыру; қолайлы оқу-тәрбие ортасын қамтамасыз ете отырып, дамыта оқыту; жеке-дара білім бағытын таңдауға ықпал ету.

Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының мазмұны келесі бағыттарды айқын көрсетуі керек: балалар мен жасөспірімдерге жеке-дара дамуында көмектесу; қоғамдық өмірге, социумға бейімдеу; таным мен шығармашылыққа себептерін қалыптастыру; шығармашылық белсенділіктерін арттыру; өзін-өзі жетілдіруге қабілеттерін дамыту; білімнің әр түрінің мазмұндарының сабақтастығын қамтамасыз ету.

Жалпы, білім беру бағдарламалары бұл – күтілетін нәтижелерге сәйкес негізгі білім беру деңгейі мен белгілі бір білім түрін игеруге қажет оқыту үдерісі және шарттарын белгілейтін құжаттардың жиынтығы.

Орталықта жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының сапалық сипаттары: өзектілігі

(бағдарламаның әлеуметтік қажеттіліктерге сай келуі мен тәрбие мәселелерін тиімді шешуге бағытталуы); болжамдылығы (бағдарламаның тек білім берудің бүгінгі ғана емес, болашақтағы жағдайын бейнелеу мүмкіндігі); ұтымдылығы (бағдарламаның ең жоғары нәтижеге оңтайлы жолдармен жетуді қамтамасыз ететін сапасы); шынайылығы (бағдарламаның мақсаттары мен оған қол жеткізу үшін ұсынылатын тәсілдердің сәйкестілігін білдіретін белгісі); біртұтастылығы (мақсаттарды жүзеге асыру үшін әрекеттердің бірізділігі мен сәйкестілігін, тұтастылығын қамтамасыз ететін бағдарламаның сапасы); бақылаушылығы (бағдарламаның күтілетін нәтижелерді анықтай алу мүмкіндігі); түзетушілігі (педагогикалық үдерістің өзгермелі жағдайларына сәйкес бағдарламаның өзгертушілікке (модификацияға) икемделу мүмкіндігі); әр түрлілігі (вариативтілігі), бағдарламаның нәтижеге жетудің түрлі жолдарын ұсынуы); ғылымилығы (бағдарламаның ғылыми негізделуі).

Балалар сауықтыру орталықтарындағы білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуының ең басты педагогикалық шарттары балалардың өз еріктерімен қатысуы, іс-әрекеттің қоғамдық пайдалы бағыттылығы, балалардың өзіндік әрекеті мен бастамалары, олардың жас және жеке-даралық ерекшеліктерін ескеру, жұмыстың теориялық және тәжірибелік түрлерінің өзара байланысы болып табылады.

Индира БЕСІМБАЕВА,
Ғ.Ақтаев атындағы
№6 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі заман талабына сай білім беру саласындағы жаңашыл ұстазға қойылатын талап та жаңаша болатыны сөзсіз. Ұстаздар алдындағы басты міндет – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп және жаңа педагогикалық технологияларды меңгере отырып, еліміздің жарқын болашағын жасайтын білімді де білікті, тәрбиелі де бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Білім беруді жаңарту – қай қоғамда да педагогика ғылымының алдындағы өзекті мәселе. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Біз жасап жатқан жаңа ғасыр – жаңа заман, жасампаз қоғам, озық идеялар мен жаңа технологиялар дәуірі. Сол себепті білім беру салаларында жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқушының дүние танымын жаңаша көзқарас пен сыни тұрғыдан ойлау арқылы қалыптастыру – заман талабы. Жаңа технологияның ұстанымдары (принциптері) – оқытуды ізгілендіру, өз бетінше білім алып, ізденіс арқылы дамитын, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы кез келген ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренуі тиіс. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Технология мен әдістеменің мақсаты бір, ол – қалай оқыту мәселелерін қарастырады. «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жанадан жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай, бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, жақсы нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында ұлттың бәсекелестік қабілетінің, бірінші кезекте, оның білім деңгейімен айқындалатынын атап көрсеткеніндей, бүгінгі заман оқытушысы жаңаша ойлай білетін, жаңа идеялардың авторы болуымен қатар озық технологияларды меңгерген, сол арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыра алатын қасиетке ие болуы шарт.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың сапасын арттыруда, оқушының пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруда сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолданудың ықпалы зор. **Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?** «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінің, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:

- Қызығушылығын ояту бөлімінде оқушыны ой қозғау арқылы сол тақырыпқа әкеліп, оның осы тақырып туралы не білетіндігі анықталады, әрі қарай не болатынына қызықтырып, олардың белсенділігін арттыру көзделеді.

- Мағынаны тану бөлімінде оқушы жаңа

ақпаратты бұрынғы біліммен ұштастыра түседі, осы мақсатта мұғалім стратегияларды жүйелі қолдана отырып, оқушылардың сауал қоя білу, талдау жасай білу, баяндау және қызу ой-талқыларын жасай білу қабілеттерін жетілдіру сияқты дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың бірлесіп жұмыс жасау, қарым-қатынас шеберлігі, оқулықтан басқа ақпараттар көзін ашу да осы бөлімде ұтымды көрсетіледі.

- Ой-толғаныс кезеңінде оқушылар байқаған ақпараттарын өз сөзімен, өз ойымен тартымды жеткізіп, өзара пікір алмасады, жаңа білімнің маңыздылығына көз жеткізеді.

Сабақтың қай құрылымында болмасын, осындай стратегияларды қолданғанда, «Мен не ұтамын?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды естен шығармау керек. Бұл сабақтарда оқушы өзін-өзі бағалауға, топтың өзін-өзі бағалауына, өлшемдер (критерийлер) арқылы бағалауға үйренеді.

Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны сол - баланың өзі ізденіп, дәлелдей алуы. Оқушы бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім – осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында бүгінге дейін СТО технологиясын күнделікті сабақ жоспарыма қолданып келемін. «Оқу мен жазу арқылы» сыни тұрғыдан ойлау

бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану – сыныптағы мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың мәдениеттілігінің, ынтымақтастығының, бірлескен әрекетке қол жетімділігінің айғағы.

СТО технологиясының әдіс-тәсілдері оқушыларды ізденімпаздыққа баулып, баланың еркін, терең, жан-жақты ойлануына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушылардың танымдық қызметін белсенді жүзеге асырудың білім сапасын арттырудағы маңызы зор. Осы мақсатқа жетуде, мысалға алар болсақ, ДЖИГСО-2, кубизм, Блум таксономиясы стратегиялары қолайлы болса, тіл дамыту сабақтарында оқушының тіл байлығы мен ойлау жүйесін қалыптастыру үшін «Жазушы шеберханасы», аргументтік эссе әдістерін қолдану тиімді деп ойлаймын. СТО технологиясындағы «Зерттеу конференциясы» әдістерінің оқушылардың сабақтағы белсенді әрекет етуімен қатар өзіндік ізденуі мен шығармашылығының шыңдалуына, ұжымдық ұйымшылдыққа тәрбиелеуде септігі зор. Бұл технологияның әдістері, негізінен, топтық және ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыруда ұтымды болып келеді. Ал топтық және ұжымдық жұмыс жүргізудің ұтымдылығын сабақ үстінде тақырып бойынша оқушылардың білімін тексеруге болатындығынан, бір-біріне көмектесу арқылы көпшіл болуға, бірін-бірі жақсы оқуға тартуға үйрететіндігінен көруге болады. СТО сабақтарында

оқушы жеке де, жұппен де, топпен де жұмыс жасай отырып, оның белсенділігі жоғарылайды, жеке жауапкершілігі, өз бетімен жұмыс жасау қабілеті артады, іс-әрекетінде қызығушылық байқалады, ойын еркін жеткізуге тырысады, сабақта көп жұмыс жасайды, шығармашылық және ізденушілік қабілеті артады, өзін-өзі шынайы бағалауға үйренеді.

Оқушылар арасындағы ұйымшылдық пен жарасымды қарым - қатынас орнату үшін тренинг сабақтар әдісін қолданған жөн деп санаймын. Тренинг сабақтар барысында оқушылардың қарым - қатынас мәдениеті артып, олардың бір - бірімен байыппен сөйлесуі, құрметпен қарау және қамқорлық танытуы, тапсырмаларды пейілмен орындау, ұстамдылық көрсету, мінез-құлық пен жүріс-тұрыс ережесін сақтау, өзіне көпшілік назарын қажет етуі, дауысты реттей алуы сияқты дағдылары қалыптасады. Тренинг сабақтар тек қарым - қатынас мәдениетінің жетілуіне ғана емес, оқушылардың жалпы психикалық дамуына, сабаққа деген қызығушылықтарының артуына әсері болады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде оқытудың жаңа технологиясын енгізумен қатар білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу – ХХІ ғасырдың басты талабы. Ақпараттық коммуникативтік технологиялар мен білімді компьютерлендіру – білім беру үрдісіндегі негізгі мәселелердің бірі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында компьютерді

жеке тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдары мынадай әдіс-тәсілдермен жүзеге асады : материалды компьютер арқылы мультимедиялық презентациялау, мәтінді графиктік сызбаларға түсіру, электрондық поштаны пайдаланып хат алысу, интернет желісінен мәліметтер алу, мәліметтер қорымен және әдебиеттермен жұмыс істеу, мәтіндік редакторды қолдану, сабақтарды active studio әдісімен өткізу, т.с.с. Аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, компьютерді ақпараттандыру құралы ретінде тиімді пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттері мен қызығушылықтарын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде мультимедия технолологиясын қолдану кеңінен таралуда. Мультимедия жергілікті, аймақтық және әлемдік желілер (сеттер) бойынша дыбыс және көріністі беру үшін жоспарланған. Жұмыстың интерактивті режиміндегі графика, анимация, фото, бейне, дыбыс, мәтіндер, ақпараттық орта қалыптастырады. Сабақтарда мультимедия технолологиясын қолданудың нәтижесінде оқушы ақпаратты оңай әрі тез қабылдайды, сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

Педагогика саласындағы кәсіби іскерліктің жаңа түрі - инновациялық білім беру. Бұл - пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға, басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған әрекет. Мұндай жаңа

технологияларды қолдануда – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының өз заманындағы: «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс деп білемін. Инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі – тек қана мұғалімнің шеберлікпен, шығармашылықпен ұштастыра білуінде. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін оқытудың жаңа технологияларын, оның түрлі әдіс-тәсілдерін, алдымен, мұғалімнің өзі терең игеруі қажет деп ойлаймын.

Жеңіс атаулының бәрі өзінді жеңуден басталады. Сондықтан кездескен қиындықтарды жеңіп, кәсіби деңгейімізді дамытып, саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеу жолында бірге ат салысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» журналы, 2008;
2. «Дауыс & көрініс «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау туралы ұлттық журнал, 2007;
3. «Қазақ және әлем әдебиеті». №5-6, 2007;
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №3-5, 2013;
5. Интернет материалдары.

Ардақ ӘБДІПАЗАҚОВА,
Астана қаласындағы
№35 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЭССЕ ЖАЗУҒА БАУЛУ

Қай заманда болмасын есті де еңбек сүйгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу – адамзаттың асыл парызы болып саналады.

Әр халық өзінің тарихын жалғастыратын жас ұрпағын адамдыққа, әділдікке, адамгершілікке, мейірбандылыққа үндеп отырады. Бұл ретте өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүр мен халықтық тәрбие басшылыққа алынатыны мәлім. Біріншіден, халық мақал-мәтелдері баға жетпес тәрбие құралы болса, ал, екіншіден, адамның сөз байлығын дамытады. Шешендікпен сөйлеуге жаттықтырады. Мәселен, «Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді»

деген. «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады», «Бал ұстаған бармағын жалайды», «Адам – гауһар, қолы – гүл» дей отырып, оқушы жастарды ойландыра, толғандыра түседі әрі олардың өмір тануына үлкен септігін тигізеді. Сабақта осылардың тәлім-тәрбиелік мәнін ашып, оқушыларға жан-жақты түсіндірсек, жастардың көкірек көзі шайдай ашылады.

Ойдың дамуы жүйелі түрде сөйлеудің дамуымен тығыз байланысты. Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары дәрежелі қарым-қатынас мәдениетіне жету мүмкін емес.

Бала – біздің болашағымыз. Бүгінгі оқушы ертеңгі – маман. Олардың өмірі нұрлы, шуақты да шұғылалы болып, біз жетпеген биікке солар жетуі керек. Біз алмаған асуды солар алып, біз жасамаған кереметті солар жасауы керек.

Халық өзінің ең жас буынының тағдырын бізге сеніп тапсырып отырғанда, оның болашағына немқұрайлы қарау – оқытушылар үшін ең ауыр қылмыс. Мұғалім – бұл өмірде өнер-білімді, мәңгілік жақсылықты егуші адам. Оқушылардың өмірін-дегі көп нәрсе олардың ой-өрісіне, көзқарасына, қажыр-қайратына байланысты дамиды. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп Абай дана айтқандай, талаптылар үшін тер төгу – қасиетті парызымыз! Мазмұнды, мағыналы бейнелі сөйлеуге, ойын толық жеткізуге,

сауатты жазуға үйрету қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат болып табылады. Белгілі грамматикалық тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлеңдерден үзінділерді дәптерлеріне жазғызу, жинату оқушыларды аса қызықтырады. Мәселен, «Еңбек – ер атандырады», «Еңсесін еңбек көтереді», «Ерінбесең еңбегің өнеді», «Адал еңбек аздырмас», «Еңбек ширатады, өмір үйретеді», «Туған жердің қадірін шетте жүрсең білесің», «Бір жеңнен қол шығар, бір жағадан бас шығар», «Бірлігі жоқ ел тозады, Бірлігі күшті ел озады», «Дұрыс қаулы бұзылмас, шын бірлік ірімес», «Шын орақшы орақ таңдамайды, Шын батыр құрал таңдамайды», «Ел даусыз болмайды, ер жаусыз болмайды», «Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ», «Ер айтпас, айтса – қайтпас », «Ер жігіт үйінен шықса үйіріне қосылады» деген ойлы, өрнекті мақал-мәтелдердің мәнін кеңінен түсіндірсе, оны оқушы есінде ұзақ сақтайды.

Тіл – еліміздегі ұлттық қасиеттерімізді сақтайтын құрал. Сондықтан да ана тілін қадірлеу, оның асыл мұраларын сақтау, үйрену, мән-мағынасын түсіну баршамызға аса қажет. «Жүрек – тазалық пен сұлулық мекені» дейді сөз зергері Ғабит Мүсірепов. Олай болса жас ұрпақтың бойына, жүрегіне тек әсемдікті, жан сұлулығын, биік адамгершілікті, елге, жерге сүйіспеншілікті ана тілі арқылы беру шарт деп білемін.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтардың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытқан, сол халықтың мәңгілік мәселесі» деген еді тағы да Ғабит Мүсірепов. Бүгінгі күн оқу пәнінің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін одан әрі жетілдіруді мектептің өмірімен байланысты нығайту міндетін жүктеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға жетелейді. Шоқан, Ыбырай, Абай, Жамбыл сияқты тарихи қайраткерлерімізді әрдайым еске алып, еңбектерін пайдалансақ та болады. Бұлардың педагогикалық ілімінде баланың адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі, еңбекпен ұштасып отырады.

Шоқан туған халқының өткендегі жетістіктерін, ел қорғаған батырларын, адамгершілікке тәрбиелейтін нақыл сөздері мен мақал-мәтелдерін қазіргі ұрпаққа түсіндіріп, өзінің адамгершілік көзқарасын байқатады. Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін өз халқын надандық пен қараңғылықтан құтқарып, сауатты, мәдениетті елдердің қатарына жеткізуге ұмтылды. Ыбырайдың әңгімесінде жас ағашты мысалға алып, оны кесіп-түзеп отырса, жетіліп өсетіндігін және мол жеміс беретіндігін дәлелдейді. Сол сияқты баланың ерлік-қуаты түрлі қиындықтарға қарсы күресіне, еңбек әрекетіне, жақсы ұйымдастырылған тәрбие ықпалына

байланысты қалыптасатынын мақсат тұтады.

Оқушылардың өз ана тіліне деген ынтасын арттырып, оны дамыту көптеген жұмыстардың нәтижесінде ғана іске асады. Соның ішінде сабақтың қызықты өтуін қамтамасыз ететін бір әдіс – мақал-мәтел мен нақыл сөздерді өз орынында пайдаландыру. Бұл тәсілді сабақтың кез келген бөлімінде (жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қайталау кезеңінде) қолдануға болады. Әр сабақта, екі-үш минут ажыратқанның өзінде, баланың ынта-жігері арта бастайды. Егер де сіз бұл әдісті сабақта үнемі пайдаланып жүріп пайдаланбасаңыз, оқушылардың өзі сізден талап етеді. «Неге бүгін айтпадық? Әжемнен, атамнан мақал-мәтел, жұмбақ, нақыл сөздерді жазып келдік» дегенді өз тәжірибемнен көп байқап жүрмін. Мектебіміздегі сыныптар арасында «Кім көп мақал-мәтел біледі?», «Абайдың қара сөздері», «Абайдың өлеңдері» тақырыбында сайыс болады. Сонда байқағаным: мақал-мәтелдерді тақырыптарға бөлгізіп айтқызсаң (Отан туралы, Жер-Ана, ілім-білім) балалар мүдіреді.

Оқыту оқытушының білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу, іздену оқушылардың өзіндік білім алудағы іс-әрекетін көрсетеді. Өз бетімен білім алудағы әзірлігін екі жағдаймен анықтасақ болады: біріншіден, білімді меңгеру қажеттігінің дамуы; екіншіден, білімді өздігінен қабылдаудағы іскерлік.

Ғұлама ғалым, әрі ақын, әрі философ ойшылдардың еңбектерінен қазақ халқының мақал-мәтел, нақыл сөздеріне айналып кеткен сөз тіркестерін көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Жүсіп Баласағұни «Өссе жастан бассыз баласы, ол – әкенің ұлға берген бәлесі», «Қадірлі кісі қартаймас», «Тірі адамға керек ізгі қасиет, Соған келіп барлық нәрсе бас иед», «Біліп айтқан сөз білікті саналар, Біліксіз айтқан сөз басыңды жеп табалар» деген, XII-XIII ғасырда өмір сүрген, кемеңгер ойшыл Ахмет Игүнекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінде «Әдеп басы – тіл», «Білгеннің сөзі – өнеге», «Жалған сөз – ауру, шаншудай, Әділ сөз – шипа жанға жай», «Әумесер кісінің өз тілі – өзіне дұшпан» деген Махмұд Қашқаридің «Ердің ісін ауыр қылма, Сәйгүлікті жауыр қылма», «Ер шекіспей бекіспес», «Еңбекқордың ерінінен май ағады, еріншектің басынан қан ағады», «Ата-ананның сөзін жерге тастама, Байып алсаң – менмендікке бастама» деген сияқты нақыл сөздерін оқушыларға ұғындыра білу – әрбір оқыту-шының басты борышы. Олай болса әлденеше ғасырлар бойы халқымыздың туғызған тәлім-тәрбиелік асыл мұрасын, педагогикалық ой-пікірлерді жинап зерттеу, ұрпаққа ұсыну – бүгінгі өмір талабы. Соны орындау біздің мұғалімдердің міндеті деп ойлаймын.

Миятжан САҚАНҰЛЫ,
К.Байшығанұлы атындағы
орта мектептің директоры,
математика пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

РАЦИОНАЛ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Алгебра курсына теңсіздіктерді шешуде интервалдар және парабола әдістері қолданылады. Рационал теңсіздіктерді шешудің ең тиімді әдісі-интервалдар әдісі.

Рационал теңсіздіктер шешудің дербес әдістерінің алгоритмі мынадай:

1. Егер теңсіздік стандарт түрде берілмесе, берілген теңсіздікті стандарт түрге келтіреміз;
2. Бөлшектің алымындағы және бөліміндегі өрнектің түбірлерін тауып сан осіне белгілейміз;
3. Сан осіндегі нүктелерді бастыра отырып, оңнан солға қарай ирек сызық сызамыз. Ирек сызық сызу ерекшелігі:

Егер бөлшектің алымындағы және бөліміндегі көп мүшелердегі белгісіздердің ең үлкен дәрежелі мүшелерінің таңбалары бірдей болса, онда ирек сызық сан осінің жоғары жағынан бастап сызылады. Ал олардың таңбалары әр түрлі болса, онда ирек сызық сан осінің төменгі жағынан бастап сызылады.

Интервал аралығынан теңсіздіктің таңбасына (\leq ; $>$; $<$; \geq) сәйкес, берілген теңсіздіктің шешімін табамыз.

Ескерту! Теңсіздіктің бөлімінің түбірлері теңсіздіктің шешіміне ешқашан кірмейді.

Мысал: $6/(x+1) \leq 2$ рационал теңсіздігін шешейік.

Бұл теңсіздік оңай болып көрінгенмен, оқушылар бұл теңсіздікті шешкенде теңсіздіктің екі жағын да x -ке көбейтеді де, жауабы қате болып шығады.

Шешуі: 2-ні теңсіздіктің сол жағына шығарып, ортақ бөлімге көшіреміз.

$$6/(x+1) \leq 2 \quad (6-2x-2)/(x+1) \leq 2 \quad (4-2x)/(x+1) \leq 2$$


Анықталу облысы бойынша: $x + 1 \neq 0$

$$x_1 \neq -1$$

Бөлшектің бөліміндегі өрнекті нөлге теңестіріп, x -ті табамыз. $4-2x = 0$

$$x_2 = 2$$

Табылған түбірлерді сан осіне белгілейміз. Бөлшектің алымындағы айнымалыдағы x -тің ең үлкен дәрежесі бар мүше – $2x$, ал бөлшектің бөліміндегі x -тің ең үлкен дәрежесі бар мүше – x . Оның таңбасы – оң. Алымындағы және бөліміндегі қарастырылған айнымалылардың таңбалары әр түрлі. Ендеше, ирек сызықты сан осінің төменгі жағынан оңнан солға қарай түбірлерді бастыра отырып, ирек сызық сызамыз. (1-сурет):



(1-сурет)

Теңсіздіктің таңбасы теріс немесе нөлге тең. Анықталу облысы бойынша шешімі: $(-\infty; -1) \cup [2; +\infty)$.

Роза ҚАШАҒАНОВА,
№49 орта мектептің
мұғалімі.
Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы,
«Сарыөзек» кенті.

7 САНЫ ЖӘНЕ ЦИФРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – 7 санымен, оның құрамымен таныстыру, 7 көлеміндегі есептер құрастыру; **тәрбиелік** – балаларды партада түзу отыруға, өздігінен ізденуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – ептілікке, төзімділікке, шапшандыққа үйрету. **Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** плакаттар, суреттер, таяқшалар. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Балалардың зейінін сабаққа аудару.

- Балалар, қазір математика сабағы, бүгін бізде ерекше сабақ, біздің сабаққа қонақтар келіп отыр.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Бар адамды ардақтап

Бас иеміз біз.

Тура, кері санау: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10;

10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1.

- Балалар, аң патшасы – арыстан ормандағы алаңқайдан мектеп ашқалы жатыр.

Біз де білім алғымыз келеді. Мектепке қабылдану үшін мына тапсырмаларды білу керек:

- Қане, тапсырмаларды көрсетіндерші (Аңдар конверт береді).

Конверттің ішіндегі тапсырмаларды ашады. Балалар тапсырмаларды естеріне түсіріп, білетіндерін сөз етеді. Атап айтқанда:

1. Жылдың қай мезгілі? (қыс).

2. Жылдың төрт мезгілін ата.

3. Қазір қай ай?

4. Сандар туралы санамақ айту.

5. Геометриялық фигураларды атаңдар (Геометриялық фигураларды бейнелеу).

6. 1-ден 6-ға дейін тура және кері санау.

Жаңа сабақ:

7 саны және 7 санының құрамы.

6 балапанға 1 балапанды қос.

$6+1=1+6=$

5 сәбізге 2 сәбізді қос.

$5+2=2+5=$

4 қоянға 3 қоянды қос.

$4+3=3+4=$

- Балалар, тапсырмаларды орындау барысында қандай санды көбірек естідік.

- 7 санын.
- Аптаның 7 күнін ата (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі).

«Балапанды құтқару» ойыны:

Кіші көршім оң жақта,

Үлкен көршім сол жақта.

Тұрушы еді қасымда,

Қасымда жоқ, қай жақта?

5, 4, 2, 6, 1, 3, 7.

Сергіту сәті:

- Ал, санайық санамақ,

Саусақтарға қарап ап.

Қәне, қәне, санайық,

Санын біліп алайық.

Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу.

Қолындағы саусағың нешеу?

Санамақ:

1 дегенім – білім. 2 дегенім – елім. 3 дегенім – үкі.

4 дегенім – тақия. 5 дегенім – бесік. 6 дегенім – асық.

7 дегенім – жейде. Көйлек дейді кейде.

Сабақты қорытындылау:

- Өткір болсаң – ұғарсың,

Тапқыр болсаң – табарсың.

Окумен өрге басарсың,

Жаңалықты ашарсың.

Салтанат ҚАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласындағы
№48 орта мектептің
мұғалімі.

СЫН ЕСІМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – сын есім туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлем ішінен сын есімдерді табу, олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын анықтау. Сын есімнің сындық қасиеттерін ашу; **тәрбиелік** – тілді құрметтеуге, оқушыларды адамгершілікке, ұқыптылыққа, табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу; **дамытушылық** – әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың ой-қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту, тез ойлауға, жүйелі сөйлеуге, салыстыра білуге дағдыландыру.

Түрі: жаңа сабақты түсіндіру, аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру, салыстыру, ой түйіндеу. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, үлестірмелер, сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

А) оқушылармен амандасып, назарларын сабаққа аудару.

ә) психологиялық даярлық:

Жабырқауды білмейміз,

Жалқаулықты сүйеміз.

Біз – талантты жас ұлан,
Үлгі аламыз жақсыдан.

II. Үй тапсырмасын сұрау. (Зат есім)

Өткен сабақты қорытындылау ретінде үлестірмелер таратылады, оқушыларға 2 минут уақыт беріледі, бір-бірінің жұмыстарын өздері бағалайды. Мысалы:

- Балалар, қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Біз қай сөз табын өттік?
- Енді біз бүгін тағы бір сөз табымен танысамыз.

Ол үшін сендер мына сөзжұмбақты шешулеріңіз керек:

С						
Ы						
Н						

Е						
С						
І						
М						

1. Апта күні (сенбі).
2. бірлік сөзінің синонимі (ынтымақ).
3. туыс атауы (нағашы).
4. орман жануары (елік).
5. адам есімі (Сәкен).
6. сүттен жасалған тағам (ірімшік).
7. білім беретін орын (мектеп).

III. Жаңа сабақ.

- Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Сын есім».

Сабақтың мақсатымен таныстырамын.

- Балалар, сөз жұмбақтағы мақалдарға оралайықшы.

1. Қандай сөз күміс?
2. Көп сөз қандай?
3. Аз сөз қандай?
4. Қандай адам өрге жүзер?
5. Қандай ағаш жерге иіліп тәжім етеді?
6. Қандай жігіт елге иіліп тәжім етеді?
7. Қандай жолдас жолда қалдырар?

- Торкөздегі нені білдіріп тұр?


- Иә, балалар, бұл сөйлемдегі сөздер заттың сапасын, сипатын, көлемін білдіріп тұр.


Оқушылардың өздеріне ереже шығарту.

Тақтадағы кесте бойынша анықтау.

IV. Қызығушылығын ояту.

«Топтастыру» стратегиясы бойынша ой қозғау:






Сөз бір затқа қатысты. Зат біреу болғанымен, оның сан түрлі қасиеттері, белгілері болады.

V. Ой-толғаныс.

Сын есімді оқытуда ерекше мән берілуі тиіс. Мәселен, негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдердің, сапалық және қатыстық сын есімдердің өзара байланысы мен бірлігін таныту. Сын есімдердің сөздердің мағыналық топтарымен байланысын ашу, мысалы, диаграмма сызу арқылы.



VI. Оқулықпен жұмыс.

127-жаттығу ауызша орындалады, 128-жаттығу, төмендегі сын есімдерді мағыналық жағынан байланысатын зат есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

VII. Қорытынды.

Оқушылар сын есімді, оның сындық қасиеттеріне тоқталып кетеді.

Венн диаграммасы бойынша салыстыру.



VIII. Оқушыларды бағалау.

IX. Үйге тапсырма:

1. Ереже, сөздік жаттау;
2. «Менің Отаным» тақырыбында шығарма жазып келу.

Шолпан САЛАМАТОВА,
Көдек Байшығанұлы атындағы
орта мектептің
биология пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

ОМЫРТҚАЛЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛУЫ

Мақсаты: білімділік – омыртқалы жануарлардың тірек-қимыл жүйелерінің құрылысына, ғылым салаларына, қызметіне тоқталу, тірек сызбасы, суреттер арқылы мағлұматтар, түсініктер беру; **дамыту** – деңгейлік тапсырмалар бойынша ойлау қабілетін, танымдық қызығушылығын дамыту, дүниетанымын кеңейту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелеу** – экологиялық тәрбие беру.

Әдіс-тәсіл: түсіндіру, сұрақ-жауап, т.б. **Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Көрнекі құралдар:** омыртқалы жануарлардың нақты пішіні, тірек-сызбалар, пре-параттар, оқулықтағы суреттер.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру.

II. Білімдерін жан-жақты тексеру (Деңгейлік тапсырмалар арқылы).

1. А тобына: әрқайсысын өз орынына қой. Көп жасушалы жануарлардың зәр шығару мүшелерін

магнит тақтасына орналастыру.

Шаян. Гидра. Ит. Амеба. Кірпікшелі кебіше. Өрмекші. Ұлу. Бунақ денелілер.

Жұлдызша тәрізді түтік. Бүйрек. Жасыл без. Несеппағар. Жабынды қабықша.

Вакуоль. Мальпигий түтігі.

2.Б тобына. Жәндіктердің тыныс алу мүшелері бойынша сәйкестік тест:

Гидра	Демтүтік
Бақұлу	Бүкіл денесі
Шұбалшаң	Тері жабыны
Қоңыз	Ауа қапшығы
Өрмекші	Шапанша

3. С тобына. Адасқан мүшелер ойыны. Магнит тақтасына мүшелер жүйесінің аттары жазылған плакат ілінген. Әр мүшелер жүйесінің тұсына жеке-жеке қиылған мүшелер атауын конверттен алып, магнит арқылы орналастыру.

1. Ас қорыту. 2. Тыныс алу. 3. Қан айналымы. 4. Тірек-қимыл. 5. Зәр шығару. 6. Сезім мүшелері. Өнеш. Кеңірдек, Сүйек, Бүйрек, Жүрек.

III. Мақсат қою:

Нені білу керек ?

Тірек-қимыл мүшелері жүйесінің ғылым салалары.

Тірек-қимыл мүшелері жүйесінің қызметі.

Омыртқалы жануарлардың қозғалуының (тірек-қимыл жүйесінің) құрылысы.


IV. Жаңа сабақ:

1. Остеология – сүйектер саласы.

2. Миология – бұлшық еттер саласы.

Тіректік, қозғалтқыш, қорғаныш, қантүзушілік, пішін қалыптастыру мәселелеріне көңіл бөлінеді.

Омыртқалы жануарлардың қозғалуы (тірек-қимыл жүйесі) сөз болады.



V. **Пысықтау.** Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.

А тобына. 1. № 19 зертханалық жұмыс;

2. 154 бет. А сұрақтармен жұмыс;

3. Венн диаграммасын құру, сүтқоректілер класы және құстар класына тоқталу.

Б тобына. 1. 104 суретпен жұмыс;

2. 154-бет. В сұрақтарымен жұмыс;

3. Мақалдардың жалғасын тап:

Ерді талап ұшырар (құсты қанат ұшырар);

Сауысқан қыран боламын деп (жүрісінен жаңылыпты);

Шаңырақ тұрмас уықсыз (құс қона алмас қанатсыз);

Ер атымен (құс қанатымен).

С тобына. 1. Көкбайрағымыздағы қыран құс нені білдіреді?

(еркіндік, бостандық белгісі).

2. 154-бет. С сұрақтарымен жұмыс.

3. Жұмбақтар жасыру:

Көздері бар, қабағы жоқ,

Әсте кірпік қақпайды.

Ол қай жәндік, суға салсаң

Тұншықпайды, батпайды. (балық).

Қай мүшесі балықтың

Су түбіне батырар.

Қанат болса егер де,

Су бетіне шығарар. (торсылдақ).

Желілілер ішінде

Балықта ғана болатын.

Қандай сезім мүшесі

Көзбен шолып, табатын (бүйрек сызық).

Балам – суда

Өзім – құрлықтамын. (құрбақа).

VI. **Бекіту:**


1. Тірек-сызбалармен жұмыс;

2. Тірек-қимыл деп аталатын сөзжұмбақ шешу:

ҚҰЛАГЕР – АҚЫН ТРАГЕДИЯСЫ

Мақсаты: білімділік – С.Жүнісовтің «Ақан сері» романы мен І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмаларын салыстыра отырып, Құлагер бейнесін, Ақан образын жан-жақты ашу; өнердің құдіреттілігіне көз жеткізу; қазақ өнерінің құдіреті мен киесін таныту; **дамытушылық** – тілдік қатынас арқылы сөйлеу әрекетін дамыту, еркін, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. Сыни тұрғыдан ойлануға, танымдық қызығушылықтарының артуына мүмкіндік жасау; **тәрбиелік** – өнер адамына, еліне, тарихына, табиғатына, туған тіліне деген ыстық сүйіспеншілігін ояту, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық рухын ояту.

Түрі: аралас сабақ. **Оқыту технологиясы:** Блум таксономиясы. **Әдіс-тәсілдері:** сын тұрғысынан ойлау стратегиясы: топтық жұмыс, Венн диаграммасы, эвристикалық сұрақ-жауап әдісі, диалогтік оқыту.



1. Балықтардың қозғалу мүшесі (қанат).
2. Құрбақа мойын омыртқасының саны (бір).
3. Сиыр қаңқасын құрайтын сүйек (сирақ).
4. Жамбасты құрайтын сүйек (сербек).
5. Сүт қоректілердегі омыртқаның атауы (сегізкөз).
6. Әр түрлі сүйектерден құралған мықты трек (қаңқа).
7. Сүйектерді зерттейтін ғылым саласы (остеология).
8. Бұлшық етті зерттейтін ғылым саласы (миология).
9. Иық белдеуін құрайтын сүйек (жауырын).
10. Суда тіршілік ететін омыртқалы жануар (балық).

3. Оқушы білімін бағалау.

VII. Үйге тапсырма беру.

§45. Сұрақты тапсырмалар: 155-156-беттер.

Ресурстар: 10-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығы, презентация, қанатты сөздер жазылған плакаттар, бағалау парақшалары.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

1-әрекет. Психологиялық ахуал туғызу.

а) амандасу, түгелдеу;

ә) сынып тазалығына көңіл бөлу.

2-әрекет. Оқушылар батырлардың мінген тұлпарына байланысты 4 топқа бөлінеді, бағалау парағы таратылады.

Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

3-әрекет. Ақанның ғашықтық тақырыбындағы жырлары негізінде «Махаббатсыз өмір – тұл» тақырыбында эссе жазу (4мин.). Жақсы жазылған эссені сыныпта талқылау. «Құлагер» поэмасын оқып, әр топ сахналық қойылым дайындайды.

Ақанның «Құлагер» әнін ұнтаспадан тыңдату.

- Бұл Ақанның қай әні?

- Дұрыс айтасыздар, «Құлагер» әні. Бұл ән қалай туды?

- Сонымен, балалар, Ақанның өміріндегі ең қайғылы кезең қашан болды?

- Өзінің жанындай жақсы көретін аты – Құлагер қайтыс болған кезде.

- Дұрыс айтасыздар, Құлагердің өлімі - ақынның трагедиясына айналды.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.

Сабақ барысы. Блум технологиясының мақсаттық жүйесіне негізделіп жүргізілді.

Мақсат тапсырмалары	Мұғалім қызметі	Оқушы қызметі	Күтілетін нәтиже
Білім	I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын еске түсіруге бағытталған сұрақтар қою.	Бағытталған сұрақтар бойынша жауап береді.	Ойлау белсенділігі артады, өткен материалды еске түсіріп, пысықтайды.
Түсіну	«Құлагер» поэмасына композициялық талдау жүргізу. Оқиғаның басталуы: дамуы: шиеленісуі: шарықтау шегі: шешімі:	Әр топ композициялық құрылымдар бойынша оқиғаның өрбуін ретімен түсіндіреді, талдау жүргізеді.	Оқушылар өздеріне берілген құрылымдар бойынша ізденеді, бір-бірімен ынтымақтаса отырып, көрініс қоюға дайындалады.
Пайдалану	Оқиғаның әр кезеңіне құрылған көріністерді бақылайды, үздік көріністерді мадақтайды.	Әр топ «Құлагер» поэмасы бойынша АКТ-ны пайдалана отырып, сахналық қойылым көрсетеді. Өз ойларын флипшартқа түсіреді.	Мақсатқа жету үшін топтық ақылдасу күшті болады, өз бойларындағы барлық қабілеттерін толық беруге тырысады, жинақталады.

Талдау	Мұғалім бағыт беріп, жақсы корғаған топтарды мадақтайды, ең жақсы деген ойларды түртіп отырады.	Топтар бір - бірінің флип-шарттарын ауыстырып, қарсы сұрақтар дайындайды. Күреңбай сыншының Құлагерге берген бағасын Абайдың аттың сынына берген бағасымен салыстырады.	Топтық талқылауға салады, ойланады, ізденеді, өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады, өзге топтарға қарсы сұрақтар дайындайды. Өзін-өзі және өзгені бағалайды.
Пайымдау, жинақтау	Құлагердің өлімі Ақанға не себепті соққы болып тиді? «Құлагерді кім өлтірді?» деген проблемалық сұрақтар төңірегінде ой тастайды.	Проблемалық сұрақтар бойынша ой түйеді, шешім қабылдайды.	Тақырып бойынша ізденіп, зерттеу жұмыстарын жүргізеді.
Бағалау	Сіз «Құлагер» поэмасын қалай аяқтар едіңіз? Сын тұрғысынан талда, дәлелдеме келтір, ұсыныс жаса, негіздеп дәлелде.	Оқушы өз ойын дәлелді пікірлермен баяндайды.	Поэманы өздерінше тұжырымдайды, өзін-өзі бағалап, бағалау парақшасына түсіреді, жолдас-тарының мінезін бағалайды.

Үйге тапсырма: «Құлагер – аттың тұлпары, Ақан – адам сұңқары» атты шығармаға дайындық.

Рефлексия. «Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңыз? Бүгінгі сабақ сізге не берді?» деген сұрақтар төңірегінде пікір алмасу. Смайликтер арқылы көңіл-күйлерін білдіру.



Ләззат ИМАНБЕКОВА,
№229 «Абызтөбе» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Қызылорда облысы,
 Жаңақорған ауданы,
 «Қаратөбе» ауылы.

А.С.ПУШКИН. «БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ»

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – ақын өмірімен таныстырып, ертегінің мазмұнын меңгерту арқылы дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, тіл байлығын дамыту, ойларын дәл, нақты айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілділікке үйрету.

Түрі: рөлдік сабақ. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ тілі. **Көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, көгілдір матадан тігілген су, астау, ау, айбалта, қылыш, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқтар, дастархан, слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

а) Сабаққа дайындықтарын бақылау;

ә) Пушкиннің бір өлеңін жатқа оқу.

Қызығушылығын ояту. «Ой қозғау» стратегиясы.

Суреттер сөйлейді: А.С.Пушкин суреті, «Балықшы мен балық» ертегісінің суреті.

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

1. Бүгінгі сабағымыздың басты мақсаты – «Балықшы мен балық» ертегісі бойынша алған білімдерін қорытындылау. Сабақты есте сақтау мақсатында қабілет деңгейі, есте сақтауы, шешендік, жылдамдық пен білім деңгейі сыналады.

2. Сабақтың шарты «Табиғат сыйы» (сахналық қойылым түрінде баяндау):

- «Табиғат сыйы» деп неліктен айтамыз?

- Табиғат – тіршілік ортамыз

- Табиғаттың тарту сыйын аялау, оған қамқорлық жасау – әрбір адамның міндеті.

- Бәріміз де ертегіні оқыған болсақ, көрініс қоя аламыз ғой, иә?



- Қане, кім балықшы шал болады, кім кемпір, кім алтын балық болады?

3. Бағы өскен сайын есірген балықшы кемпірінің ой-пиғылын, іс-әрекеті жайлы ертегіден оқып беру.

III. Кейіпкерді тану.

Мінез-құлық – әркімнің кейіпін көрсететін айна.

а) Мәтінге сүйеніп балықшы шалға, балықшы кемпірге мінездеме беру.



Тақтамен жұмыс. Сөздердің синонимдерін табу, ережесін еске түсіру.

Ережесі: Мағыналары бір-біріне жақын, бірақ әр түрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы синонимдер деп аталады.

Мейірімді – инабатты, кішіпейіл, ибалы.

Қатыгез – тасжүрек, мейірімсіз, т.б.

IV. Мағынаны табу:

- Балалар, қатыгез болу дұрыс па?

- Қанағатсыздық адамды қандай жолға түсіреді?

- «Балықшы мен балық» ертегісінен алтын балықтың қандай іс-әрекетін көреміз?

V. «Ой толғаныс» стратегиясы.

Ендеше, біз де қиялға ерік берелік, ертегі құрып көрелік!

(Иллюстрациялық суреттер арқылы).

РАФТ стратегиясы бойынша:

Рөл – акула;

Аудиория – мұхит;

Форма – ертегі;

Тақырып – «Сүңгі, акула».

(Ертегіні балалар ауызша да, жазбаша да құрастыра алады).

VI. Еске түсіру:

а) Біз қандай ертегі құрастырдық?

ә) Ертегінің қандай түрлері бар?

б) Ауыз әдебиеті дегеніміз не?

в) Оның қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

г) Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

VII. «Бізде, қане, кім жылдам?». Балық жайлы өлең құрастыру.

Қорыту.

- Қалай ойлайсыңдар, ертегідегі айтылған бейнедегідей адамдар бар ма бүгінде? Бұл ертегі өміршең екен. Ортамызда байлықтың буына пісіп, не істерін білмей жүргендер де аз емес. Балықшы шалдың кебін киіп қиындықта нан тауып, қысылған жерден жол тауып жүрген жандар, тіпті, көп. Олай болса, балалар, қысылғанда дем берер, қиналғанда жол сілтер ақылды, сабырлы болып өсіңдер!

VIII. Үйге тапсырма. «Балықшы мен балық» ертегісін негізге ала отырып, өз бетінше ертегі құрастыру.

Бағалау. Оқушылардың сабаққа қатысуына қарай мадақтай отырып бағалау.

Ашу – дұшпан, ақыл – дос,

Ақылыңа ақыл қос.

Әсем БАЙЖҰМАНОВА,
Павлодар қаласындағы
№ 34 инновациялық үлгідегі
жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ КЕШІЛІ

Білім беру жүйесі 300 жыл қолданыста болып келген білімдік-педагогикалық арттыру және білім беру қызметі бүгін педагогикалық өзгеріс үстінде. Егер кеше мектеп бітіруші түлектерге қажеттілік, олардың дайындық сапасын анықтаушы мемлекет тарапынан болып табылған болса, бүгін олардың білім сапасына, жоғары деңгейдегі кәсіби мамандарға деген сұраныс ата-ана, қоғам, әлеуметтік орта тарапынан айқындалып отыр. Бірақ ешкім де біздің мектеп бітіруші түлектерге ертең немесе одан арғы күні оның еңбек жолында, өмір жолында қандай талаптар болатындығын анықтай алмайды. Сондықтан біздің мектеп бітіруші түлектеріміз өмір белестеріне көтеріле білу үшін, өмір соқпақтарынан өз жолын таба білу үшін мектептен алған білімі мен біліктілігін, дағдысын әр түрлі тәсілдермен, әр түрлі жағдайларда пайдалана білуі қажет. Балалардың білімі мен біліктілігін бағалаудың әр түрлі бағдарламалары

негізінде жүргізілген зерттеулерге жасаған талдаулар түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастаудың қажет екендігін айқын көрсетеді. Әр тапсырма – шешімі нақты анықталмаған, өзіндік шешімді талап ететін өмірлік жағдай. Бір тапсырманы екі оқушы өз тәсілін пайдалана отырып, мүлдем басқа жолмен шешімін табуы мүмкін. Бұл дегеніміз – шешілу тәсілдерінің және тапсырма шешімінің тек белгісіздік жағдайында адам нақты шешім қабылдап, шығармашылығын, өз құзырлығын көрсете алады деген сөз.

Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзырлық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орыны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды қалыптастырады.

Әдіснамалық деңгейге соңғы кездері қолданысқа түскен «құзырлылық» ұғымы еніп отыр.

Құзырлық – танымдық, пәндік-практикалық, тұлғалық тәжірибенің күрделі пайымдамасы.

«Құзырлық» ұғымының қазақ тіліндегі түсіндірмесі «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. «Competent» сөзі французша «компетентті», «заңға сай», латынша «сай болу», «қабілетті», «талап қою», «жарамды», ағылшынша «қабілетті» деген мағынаны білдіреді.

Психологиялық сөздіктерде бұл ұғымға қатысты «компетенттілік және тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті» деген түсінік берілген. Осы «компетенттілік» шетелдік түсіндірме сөздікте меңгеруші ретінде қарастырылған.

«Компетентті» ұғымының мазмұны мынадай:

- компетенттікті меңгерген, заңға сәйкес;
- белгілі бір саланы білетін тұлға.

Компетенция – оқытудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктері.

Компетенцияның түйінді құраушысы біліктілік болып табылады. Оқытудағы компетенттілік тәсіл оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын қамтамасыз етеді және білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыны, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенттіліктерді бөліп қарастырайық.

Түйінді компетенттіліктердің құрылымы төмендегідей бөлінеді:

- Өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы базалық компетенциялар. Олар: оқу, жазу, есептей алу, сөйлей алу және түрлі жиындарда өз ойын басқаларға жеткізе алу, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдай алу, әр түрлі ақпарат көздерінен білім жинақтап меңгерту жатады (кітаптан, газет-журналдардан,

теле-радиохабарлардан, интернеттен, т.б.).

- Мәдени іс-әрекеттердегі компетенцияларға бос уақытын өзінің рухани және мәдени дамуы үшін пайдалана білу (көркем әдебиеттер оқу, түрлі лекциялар мен баяндамалар тыңдауға қатысу, олимпиадалар, байқаулар, конференциялар) жатады.

- Тұрмыстық саладағы компетенциялар: жеке гигиенаға, өз денсаулығын нығайтуға, отбасы тұрмысына қатысты мәселелер.

- Әлеуметтік еңбек іс-әрекеттері саласындағы компетенциялар – бұл оқу еңбегін ұйымдастыра білу дағдысы, ұжымдағы өзара қарым-қатынас этикасы, өз мүмкіндігін бағалау, жауапкершілік жүгін арқалай білу.

- Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің ұлттық білім беру жүйесінің біздің елдегі білім беру жүйесінен айырмашылығы мынада:

- Оқытудың кіріктірілген мақсаттары пәндік мақсаттарға қарағанда басым;
- Оқытудағы іс-әрекеттің тәсілі қарапайым біліктілік пен дағдыларды ығыстырған;
- Оқытудың компетенттік тәсілі қолданылады.
- Мектептегі білім беру сапасын бағалаудың жаңа жүйесіне көшу байқалады.
- Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастар оқу ісі әрекетіндегі бірлестікке, жұптастыққа айналған.

Оқытудың сапасын күтілетін нәтижелер тұрғысынан жетілдіру компетенттік тәсіл қамтамасыз ететін болғандықтан, оны жүзеге асыру

үшін білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыны, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері – эмоционалдық құндылық қатынас тәжірибесінде негізделген түйінді компетенттіктерді ажыратып алу қажеттілігі туады.

Атап айтқанда:

1. Коммуникативтік құзыреттілік.

Аспекттері:

- жазба түріндегі коммуникативтік;
- жұртшылық назарында сөз сөйлеу;
- диалог;
- топтық жұмыс арқылы.

2. Мәселенің шешімін табу құзыреттілігі.

Аспекттері:

- мәселенің шешімін табу;
- шығармашылығын жоспарлау;
- технологияны қолдану;
- жоспарлау;
- шығармашылықты бағалау;
- шығармашылықтың нәтижесін бағалау;
- өз жетістігін бағалау.

3. Ақпараттық құзыреттілік.

Аспекттері:

- ақпаратты іздеуді жоспарлау;
- ақпаратты жүйелеу;
- ақпаратты жүйелеуде логикалық ойлау.

Құзыреттілікке арналған тапсырмалар.

6-шы сыныпқа арналған «Ұлттық тағам» тақырыбы бойынша түйінді құзырлылық тапсырмалары.

Аспект: Бастапқы ақпаратты алу. Берілген тапсырмалар арқылы ақпарат алады.

- Ақпаратты өңдеу.

Ынталандыру: Берілген тапсырмаларды орындасаң, қазақтың ұлттық тағамдарын білесің.

Ұлттық тағам

Қазақта ұлттық тағамдар алуан түрлі. Еттен түрлі тағамдар жасайды. Қазақтың басты ұлттық тағамы – ет. Етін жеп, сорпасын ішеді. Жылқының етінен қазы, қарта, жал, жая дайындайды. Қуырдақ қуырады. Суық жерде тұрса да, жылқының сорпасы қатпайды, майы тоңазымайды. Жылқының еті өте сіңімді болады.

1-деңгей:

1. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңдар;

2. Мәтіннен септік жалғауы бар сөздерді теріп, ажыратыңдар.

Дұрыс жауап: жылқының(ненің? І.с) қуырдағы; ет (А.с), етінен (Ш.с).

2-деңгей:

1. Берілген сөздерді аударыңдар.

Разное, мясо, национальное блюдо, крыло, птица, не остывает, легко перевариваемый.

1. Мәтіннен төмендегі сызба бойынша сөз тіркестерін теріп жазыңдар, оларды аударыңдар:

сын есім + зат есім

зат есім + етістік

сын есім+етістік

Дұрыс жауап:

Ұлттық тағам- национальное блюдо.

Қуырдақ қуырады- готовят мясо жареное.

Суық жерде- на холодной земле.

Сіңімді болады- хорошо усваивается.

3-деңгей:

1. Мәтіндегі әр сөйлемге бірнеше сұрақ қойыңдар;

2. Етістіктерді теріп жазып, барлық райда жазыңдар.

Дұрыс жауап:

1. Қазақта нелер алуан түрлі? Қазақта ұлттық тағамдар қандай?

2. Кімдерде тағамдар әр түрлі?

3. Еттен түрлі тағамдар жасай ма? Неден түрлі тағамдар жасайды? Еттен не жасайды?

4. Қазақтың басты ұлттық тағамы не ?

5. Қазақтың ұлттық тағамы- ет пе?

6. Жасайды – жаса (бұйрық рай) – жасаса (шартты рай) жасағым келеді (қалау рай).

Ішеді – іш (бұйрық рай) – ішсе (шартты рай) – ішкім келеді (қалау рай) Әрбір сұраққа – бір балл.

Міне, бүгінгі күннің өзінде кең сұранысқа ие болып отырған педагогикалық технологиялар түрін дұрыс тандап қолдану сабақтың тиімділігін, оқудың 80 пайыздық нәтижелілікке жетуін қамтамасыз ете алады. Ал сабақ жетістігінің 20 пайызы ғана мұғалімнің жеке шеберлігіне байланысты екенін ұмытпау керек.

Мөлдір ДОСМАЙЫЛОВА,
№49 жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі.

Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы,
«Сарыөзек» кенті.

ТУҒАН ТІЛІМ – ҒҰМЫРЫМ

Мақсаты: оқушылардың туған тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, сөз құдіретін терең түсінуге, тапқырлыққа, байқампаздыққа баулу.

Көрнекілігі: тіл туралы ұлылар ойлары, газет, мақал-мәтелдер.

Жоспары:

1. Кіріспе сөз;
2. “Мақал – жауап” ойыны;
3. Тіл туралы ғалымдар ойлары;
4. Өлең ұйқастарын құру;
5. Тіл туралы пікірлер;
6. Тіл туралы өз шығармашылықтарын мәнерлеп оқу;
7. Тіл туралы көрініс;
8. Ұлылар ойлары;
9. Қорытынды.

- Адам баласының сүтпен еніп, миға сіңген тілі есейген адамның саналы өміріндегі аса керекті рухани байлығы, адамның адамдық белгілерінің бірі болып табылады. Олай болса, миларыңды дамытып, ойларыңды сергітетін “Мақал – жауап” атты ойын ойнайық.

Мен сендерге түрлі сұрақтар қоямын, сендер мақалмен жауап бересіңдер.

1. Өнер алды не?
2. Сөз өнері немен тең?
3. Тіл неден өткір?
4. Тіл нені жарады?
5. Сөз атасы не?
6. Тілі байдың несі бай?
7. Сөз анасы не?

Кісіні саналы ойға баулитын еңбек үрдісіне белсене қатысуға мүмкіндік тудыратын қарым-қатынас құралы – ұлы мәртебелі сол ана тілі.

Адам білімді тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйренеді.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі. Тілді бір ғана қалыпта емес даму, жетілу үрдісінде үйренеміз. Сондықтан «Тіл байлықтарын түгел меңгердім, мен білмейтін ештеңе қалған жоқ, тіл өнерінің шыңына шықтым, болды» деп ешкім айта алмайды.

Қазақ халқы да ежелден шешендікке әуес, тіл өнерін басқадан кем санамайды.

Сондықтан қазақта “Өнер алды – қызыл тіл”, “Айтылған сөз атылған оқпен тең”, «Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Тіл қылыштан өткір» сияқты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер бар.

Еліміздің ертеңі – оқушыларымыздың жүрегінен шыққан өлеңдерін мәнерлеп оқытайық.

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті, болмысы.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен еніп қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің мақтанышы

Демек, әрбір адам тілін көздің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарланудың қандайына болса да қарсы тұруға тиісті. Тіліміздің қанатын кеңге жайып дамуына үлес қосатын бүгінгі жас ұрпақ өздерінің көріністерін тарту етеді.

Ана тілін білмеген –

Ақылы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген

Халқын сүйіп жарытпас.

Тіл қай елде, қай ұлтта болса да қастерлі, қасиетті.

Біздің ана тіліміз шексіз бай, тегеуріні мықты тіл.

Қымбатты шәкірттер, ең жақсы бала – ана тілін құрметтеген ұл мен қыз.

Ана тілінің барлық терең иірімдеріне бойлай білу – саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жерді, атамекенді, Отанды сүйе білу деген сөз.

Сөзімді мына өлең жолдарымен аяқтаймын:

Арғы тегі түріктерден тараған,

Мақтаньшпен сені сөйлер әр адам.

Өсер ұрпақ бар емес пе артында,

Қалған тіл ғой Абай, Мұхтар данадан.

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.

Туған тілде әнім менен сәнім бар

Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар.

Сол тілменен өмір сүріп келемін,

Сол тілменен көрге бірге енемін.

Осы тілде сөйлеп бүкіл әулетім,

Осы тілде айтам бақыт өлеңін!

Қама СМАДИЯРОВА,
№12 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы.

ТӘРБИЕ КӨЗІ – ХАЛЫҚТА

Әлемдегі өркениетті ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқы да өскелең ұрпақты тәрбиелеу жөнінде мол тәжірибе жинақтаған.

Халықтың ұзақ ғасырлар бойы сыналып, сараланып, жинақталып келген тәрбие тәжірибелерімен санаспау – тиімсіз болып шығып, кері әсерін тигізуде.

Қоғамдағы жағымсыз көріністердің белең алуының басты себебі – ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ата-бабалардың ұрпақ тәрбиесін уысымыздан шығарып алуымыздан.

Халқымыздың тәлім-тәрбиесінде тағылым алар тұстары ұшан-теңіз. Жас бүлдіршіндерге халықтың асыл қасиеттерін дарыту, ұлттық сана қалыптастыру – әр ұстаздың кезек күттірмейтін міндеті.

Ұлттық тәрбиені шәкірт бойына сіңіру тез жүзеге асатын шаруа емес. Оған төзімділік, істеген жұмыста жүйелілік керек.

Тәрбие жұмысын сынып бөлмесін жасақтаудан бастаған жөн. Сынып бұрышын барлық сынып жетекшілері жасайтыны белгілі. Сол сынып бұрышына «Әдеп әліппесі» және «Сынып оқушыларының негізгі ережелері» деген бөлімдер енгізіп, онда ұлттық тәрбиеге байланысты бағыттарға орын берілу керек. Мысалы, «Әдеп әліппесінде»:

1. Мешітке, мектепке, үйге оң аяқпен кіру;
2. Өтірік, өсек айтпау, жала жаппау;
3. Ақсақалға, ұстазға, ата-анаға, көпшілікке қарсы сөйлемей;
4. Ашуланса да есікті қатты жаппау;
5. Танысын, танымасын үлкен кісіге сәлем бермей өтпеу.

Ал, «Сынып оқушыларының негізгі ережелерінде»:

- Өз тегің қонақжай, мейірімді, өнерлі де жауынгер, ер халық – Қазақ екенінді ұмытпа!

- Қазақ жігіті – арлы, намысты, мәдениетті, әдепті, өнерлі, «сегіз қырлы, бір сырлы». Ал қазақ қызы – инабатты, биязы, қарапайым және мейірімді. Осы қасиеттерді өз бойыңнан көруге тырыс!

- Халқымыз – тілге өте бай, шешен, өнерлі де жезтаңдай әнші халық. Осы қасиеттерді өз бойыңа дарыту – сенің борышың!

- Қазіргі Қазақстан территориясы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қорғап келген, кіндік қандары тамған қасиетті жер екенін ұмытпа! Бабаларымыздың мекен еткен Атамекен жерінің енді ешқашан бөлінбеуіне күш салу, оны қорғау – сенің

борышын!

Әр оқушы күнбе-күн осы ережелер мен әдептілік әліппесін оқып, одан сәл де болса бір нәрсе түйсінсе – ұстаз үшін үлкен жеңіс деп есептеймін. Сыныптың іші ғана емес, шындығында, мектептің ішкі-сыртқы безендірулері осы тұрғыда, яғни, халқымыздың ерекшелігін көрсетіп тұратындай болса құба-құп болар еді.

Енді өзімнің шәкірттеріме халқымыздың асыл мұра, салт-санасын сіңіру жолында істеген жұмыстарымды айта кетейін.

Халықтық тәрбие, салт-дәстүр, ұлттық рухты сабақ үстінде ғана емес, тәрбиелік шараларда, сынып сағаттарында, сыныптан тыс қоғамдық жұмыстар кезінде де үйлестіре ұйымдастырып, үнемі назарда ұстауға тырысамын. Әр апта сайын өтетін сынып сағаттарының тақырыптарын атап айтар болсам: «Имандылық деген не?», «Ана көрген тон пішер», «Қазақтың ұлттық саз аспаптары», «Бесік жыры – тәрбие басы», «Қазақ ырымдарын білесің бе?», «Қазақтың ұлттық ойындары», т.б. Әр сынып сағатында келесі сабақта өтілетін тақырып айтылып, сол туралы өздері ізденіп, буклет немесе шағын шығарма дайындап келулерін тапсырамын. Ал сыныпта сол туралы кең көлемде талқылап, әбден түсінісіп, пікір алысамыз.

Ал, тәрбие жұмысының жоспарын жасаған кезде міндетті түрде халықтық педагогиканы басшылыққа алып, әр тарауына ендіруді мақсат етемін. Жыл бойына осы бағытта жұмыстанамын. Жыл сайын «Ал, қане, қыздар», «Ал, қане, жігіттер» міндетті

түрде өткізіліп, онда құсбегілік, аңшылық, мал өнімдері, зергерлік пен іскерлік, сөз баламасын табу, шешендік өнер секілді сайыстар ұйымдастырылады. Ол кештер ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ептілік пен күштілік, білімділік пен тапқырлық сыналатын, соған тәрбиелейтін тұрғыда өткізіледі.

Бұлардан басқа өзіміздің өлкенің тарихын білу, бұрын өткен халық батырлары мен ақындары, басқа да атақты адамдары туралы балалардың білуі керек. Үнемі Маңқыстауға байланысты жазылған естелік-деректерді жинақтап жүріп, олармен оқушыларды таныстырып отырамын. Оқушыларға да газет-журналдардан әр түрлі тақырыптағы (тақырыптарын беріп отырамын. Мысалы: Маңқыстау туралы өлең-жырлар, Маңқыстау билері, т.б.) қиындыларды жинауды тапсырамын. Бұл да олардың білуге, ізденуге деген құлшынысын оятар бір жұмыс болады.

Ата-аналармен жұмысты нәтижелі жүргізу үшін оларға нақтылы педагогикалық көмектер ұйымдастыру керек. Себебі, ата-ананың көбі – бала тәрбиесінің қыр-сырын білмейтін, халықтық салт-дәстүрден құр қалғандар. Сондықтан мен ата-аналарымнан осы бағытта тәлім өткізу үшін «Әжелер өсиеті» деген атпен топ құрдым. Онда екі үлкен әже, екі ұстаз-ана бар. Олар өзім белгілеген күні ата-аналарға бұрынғы өткен шежірені, халықтық тәрбие саласын, өнер мен дәстүр салаларынан білгендерін үйретеді. Әсіресе, қыздар үйренетін өнерлер – жүннен істелетін бұйымдар: жүн түту, ұршық иіру, өрмек тоқу, киім тігу, ас пісіру, т.б. секілді дәстүр дәрістерін беріп отырады. Мұның өзі мақсат, мүдде

ортақтығын көрсетіп, бірлескен тәрбиелік жұмысты бекіте түседі.

Жастарды халықтық дәстүрге тәрбиелеуге игі ықпал етуші ауыз әдебиеті үлгілері болғандықтан, оқушыларға тақырыпқа сай қосымша тапсырмалар беріп, үнемі ізденуіне мүмкіндік беру керек. Мысалы: мақал-мәтелдерді өткен кезде алдын ала дайындалып келулерін тапсырып (әр саладан ізденіп), сабақ кезінде «Мың бір мақал» сайысын өткізсе, ал жұмбақтарды өткен кезде «101 жұмбақ» сайысын өткізіп жіберсе, қандай жақсы болар еді.

Мақал-мәтелдер сайысын жиі өткізіп тұру – оқушылардың күнделікті тұрмыста мақалдап, мәтелдеп, тұспалдап сөйлейтін ұлттық ерекшелігімізді меңгеруіне мүмкіндік береді. Соған байланысты өзімнің сыныбымда әр аптаның сәрсенбі күнін «Мақалдап сөйлеу күні» етіп белгіледік. Сол күні оқушылар сөз арасында ретті жерінде мақал-мәтелді араластырып сөйлеуге тырысады. Сабақ соңында бүгінгі жеңімпазымыз кім екенін, оның неше мақал сөйлегенін және оны қандай жағдайда қалай қолданғанын талдап, мадақтап отырамыз. Бұл ісіміз оқушылардың мақал-мәтелдің мәнін түсінуге деген құлшынысын оятып, ынтасын арттырып отыр.

Осындай ізденіп, талмай еңбектенудің белгілі бір нәтижеге жеткізетіні анық. Өзім оның алғашқы жетістіктерін көре бастадым деп санаймын. Сондықтан барша мұғалімдерден тілейтінім – халқымыздың мол мұрасын көзіміздің қарашығындай сақтап, ұрпағымызға бере білейік демекпін.

Жанар ҚОЖАБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласындағы
№173 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӘНДІ КИІМ – БОЙҒА КӨРІК

Мақсаты: оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу, оқушыларға қазақтың ұлттық қол өнерінің қырсырын түсіндіру, ұлттық төл өнермен таныстыру, киімдердің адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

Көрнекілігі: ою-өрнектер салынған плакаттар, ұлттық киім үлгілері.

Қазақтың ұлттық киімдері – халқымыздың ақыл-ойы мен биік эстетикалық талғамының жемісі. Басқа ұлттық киімдерді былай қойғанда, қазақ халқы ежелден шапанды, қамзолды, тақия мен бөрікті айырықша киелі киім санап, қадір тұтқан. Әсілінде, халқымыз ерте заманнан бері ұлттық киімдерді «кімнің болса – соның» иығына жауып, «қалай болса – солай» сыйға тартуды қаламаған. Керісінше, ел басқарған хандар мен сұлтандар қазақы қалыптың, ұлтымыздың айырықша белгісіндей болған шапанды әсте иықтарынан тастамаған.

Қазақтың ұлттық киімдері негізінен мынандай түрге бөлінеді: іштік киімдер, сыртқы (өң) киімдер,

сулық киімдер, ерлердің бас киімдері, әйелдердің бас киімдері, аяқ киімдер. Бұларға мынандай киімдер жатады:

Іштік киімдер – бешпент, дамбал, жейде (көйлек), камзол, күрте, желетке, шалбар.

Сыртқы (өң) киімдер – жадағай шапан, жарғақ, күпі, сырмалы шапан, тай-жақы, тон, шапан, шидем, ішік, қолқап.

Сулық киімдер – Аба, кебенек, кенеп, сырттық, шекпен.

Ерлердің бас киімдері – башлық, бөрік, далбай, жалбағай, жекей тымақ, күлпара, қалпақ, құлақшын, малақай, мұрақ, тақия, тымақ, шалма.

Әйелдердің бас киімдері – бергек, бөрік, жаулық, желек, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сәукеле, тақия, шәлі.

Аяқ киімдер – кебіс, көк етік, мәсі, мықшима, саптама етік, шоңқайма.

Ұлттық киімдерге байланысты салт-дәстүрлер мен ырымдар. Бас киімдер бойынша:

Тымақ. Ол қасиетті бас киім саналады. Оны айырбастамайды, аяқ тигізбейді. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар. Біреуге бас ұрғанда да аяғына тымағын тастайды. Тымақ тастап кешірім сұрау – бітімге шақырудың ең үлкен белгісі.

Бас киімге қауырсын тағу

«Алтын Адамның» баскиіміне де төрт алтын қауырсын ілінген. Тамғалы тастағы суреттерде де қауырсынды бас киім киіп, малдас құрып отырған адам бейнеленген. Бас киімге қауырсын тағу көп халықта бар. Ол мифтік наным бойынша жердегі адамның рухтық болмысының аспан әлемімен байланыста екендігін танытады. **Жаулық.** Оған қатысты арнайы заң жолы, салт бар. «Жеті жарғы» бойынша қылмыстық, бұзақылық істе ол үшін кімге, кімнің құн төленетінінің орынына «сары жаулық» жүрген. Бұл жаулық құн төлеуге келіскендікті білдіреді. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған.

Бас киімге қатысты тыйымдар:

Бас киімді іліп қояды, кез келген жерге тастай салмайды, астыға басып отырмайды. Олай жасаса, бастан бақ таяды. Ер адам әйелдің жаулығын басына салмайды. Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпауға тиісті. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Жалаңбас отырып бала емізбейді, ас-су әзірлемейді. Бас киімнің төбесін басып кимейді, оны айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Тек сыйлыққа киілмеген, жаңа бас киім алып беруге болады.

Сырт киімдер бойынша:

Ішік. Қазақ салты бойынша, қасқыр ішікті

жиырма беске толмаған жастар кимеуге тиіс. Өйткені қасқыр ішік жас адамның жалыны мен тері қызуын тұмшалап, оны ауруға ұшыратуы мүмкін. Екі адам боранда адасып кетіп, қасқыр ішікті аман қалып, қасындағы адам үсіп өлсе, оның туған-туыстары аман қалған адамнан құн даулауға құқылы. Себебі, бір қасқыр ішік екі адамды суықтан қорғап қала алады. Мұның бәрі – дала заңында бекітілген тәртіп. Ішік қазақта сый-сияпат, киіт орынына жүрген.

Шапан. Қазақтар оны «жағалы киім» ретінде бағалайды. Адамға «шапан кигізу», «иығына шапан жабу» – үлкен құрмет. Бұрындары хандар батыр, би, жақсы-жайсаңдарына дәреже бергенде соның белгісі ретінде арнайы тіктірткен шапанды олардың иығына жапқан, түрлі мемлекеттік қатынастарды бекіту белгісі ретінде де шапан жіберетін болған. Қазақта ат мінгізіп, шапан жабу дәстүрі қазірде бар. Ханның өзі киген шапанын сыйға алу – қазақ халқында үлкен мәртебе.

Жейде. Ұзақ жасаған, халқына өте қадірлі болған, бақытты тұрмыс құрған қариялардың жолын берсін деп, олардың жейде-көйлегін сұрап алып, ырымдап киген. Мұндай киім өте тозыңқы болса, оны алғысы келгендер көбейіп кетсе, әлгі киімді бұзып, кішкентай беторамал көлемінде тәбәрік деп бөліп алған.

Шалбар. Қазақтар шалбар мен етікті отырып киюге тиіс. Оларды соғыс кезінде ғана тұрып киген.

Неке киімдеріне қатысты салт-дәстүр:

Сәукеле. Оны қыз ұзатыларда әкесінің үйінде, оң

жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізеді. Келін болып түскеннен кейін сәукелені шешіп алып қояды да жас келін бір жыл бойы желек жамылып жүреді.

Орамал. Ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл – «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген тілек. Мұны «шарғы салу» деп атайды.

Сәбилер киімдеріне қатысты ырымдар мен тыйымдар: Бойына бала бітпеген әйел баланың **иткөйлегін** қалап алады. Иткөйлекті аяқ асты, далаға тастамай, қастерлеп сақтайды, кім көрінгенге бермейді. Оның сыры, қазақтар иткөйлек баланың бақытын сақтайды, сәбидің бақыты иткөйлек киген күннен басталады деп сенеді. Аяқ киім бойынша: **Кебіс.** Ол – «табандық киім». Даладан үйге кірген адам қалыптасқан ғұрып бойынша кебісін шешіп, оң жақ босағаға қатарластырып, тұмсығын отқа, сірі өкшесін іргеке қаратып қоюға тиісті.

Аяқ киімге қатысты ырымдар мен тыйымдар:

Аяқ киімді төңкеріп қоймайды, теріс кимейді. Олай жасаса, адамның жолы болмайды. Қазақ аяқ киімнің табанына қарамайды, егер табанына көзі түссе, үш мәрте түкіргені жөн. Себебі аяқ киімнің баспайтын заты жоқ. Аяқ киімнің табанына қараған адамның көзінің ұшынуы мүмкін. Жорықта басқа жастанатын еш нәрсе болмағанда етігін жастанып жатады. Өйткені, «Етік жолға бастайды, шалбар (жастансаң) сорға бастайды».

**Жанна МАНАБАЕВА,
Жанар ӘЗІРБАЕВА,
Өскемен қаласындағы
дарынды балалар үшін
мамандандырылған
№34 мектеп-лицейдің
қазақ тілі пәнінің мұғалімдері.**

СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ – ШЫҒЫСТЫҢ ДАРЫНДЫ ҒАЛЫМ- ЗЕРТТЕУШІСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – жаңа тақырып бойынша сөздерді меңгерту. Сәрсен Аманжоловтың өмірі және еңбек жолымен таныстыру. Тақырып айналасында оқылған мәтінді тыңдап, сол бойынша жұмыс жүргізу арқылы, өз ойларын жеткізе білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын байыту, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – ғалым еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге, мақтан етуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, сыпайыгершілікке тәрбиелей отырып, білімге, өнерге, ізденімпаздыққа баулу.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, түрлі слайдтар, тірек схемалары. **Әдіс- тәсілдер:** түсіндіру, жазылым, тыңдалым, оқылым, сөздік, әңгімелесу, ой қозғау, баяндау, іздендіру, сұрақ-жауап.

Тарихы мен ерекшеліктері. Киім адамды қоршаған ортаның әр түрлі әсерінен қорғап, денесіне сән береді. Қазақтың ұлттық киімдері оның бай тарихи-мәдени мұрасы, өзге халықтардың киімдерінен басқаша және ерекше қасиетке, сән-салтанатқа ие. Қазақтар киімді солға қарай қаусырады. Бұл – сақ тайпаларының киімдерінде, орта ғасырлардағы түріктерде кездесетін ерекшелік. ХХ ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойында өмір сүрген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко күпінің қазақтардың ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеп берді. Бұл қазақтың ұлттық киімдерінің тарихының көшпелілер (сақ, ғұн, қыпшақ) тарихымен тығыз байланыста екендігін танытады.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Не себепті қазақта бас киімге үкі тағып қоятын болған?
2. Ою-өрнектің қандай түрлерін білесіңдер?
3. Ұзатылатын қызға неге сәукеле кигізетін болған?
4. Қазақ сулық киімдерін ненің терісінен тігетін болған?
5. Қазіргі таңда қазақтың ұлттық киімдерін күнделікті тұрмыста киіп жүргенге қалай қарайсыздар? Өз ойларыңызды қағаз бетіне түсіріңіздер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, сабаққа дайындығын байқау.

Кіріспе сөз: - Сәлеметсіздер ме, балалар? Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын, тақтада берілген сабақ жоспарымен таныса кетейік. Слайд №1. Бүгін сабақта біз сіздермен грамматикадан өткенді қайталаймыз, жаңа сөздермен танысамыз, тақырып айналасында оқылған мәтінді тыңдап, аударамыз, мәтінді талдау жұмысын жүргізе отырып, мәтінді толық, мағыналы түрде мазмұндаймыз. Және қорыту кезеңінде тестік тапсырманы орындап, сабақты ойқозғаумен аяқтаймыз. Сабақтың әр кезеңінде мұғалім және оқушылар бір-бірін бағалайды. Сонымен сабақтың жоспарымен таныс болдық, енді үй жұмысына тоқталайық.

II. Үй жұмысын тексеру.

Слайд №2. Қазақстанның белгілі ғалымдары: Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан (құрмалас сөйлемдер құрастыру). **Бір сөйлемді интерактивті тақтаға жазып талдау жасау.**

Мұғалімнің сөзі: - Жарайсындар! Қалай ойлайсындар, бүгінгі тақырыбымыз қандай? Әрине, С.Аманжолов.

Слайд №3. Алдын ала берілген тапсырма: презентация, С.Аманжолов атындағы университет.

С.Аманжоловтың отбасы.

С.Аманжоловтың еңбектері.

Презентацияны тыңдап, қарап, негізгісін дәптерге жазып аламыз.

(Оқушылардың жауаптарын бағалаймыз).

Мұғалімнің сөзі: - Ал, онда қадірлі ағамыз, ғалым Сәрсен Аманжолов рухына бас ие отырып, сабағымызды Әл Фарабидің «Адам мақсатқа өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» (слайд №4) деген ұлағатты сөзімен бастағым келеді. Сендердің бүгінгі сабақтағы мақсаттарың жазу, оқу, сөйлеу арқылы, сұрақтарға жауап бере отырып, өз ойларыңды толық, мағыналы жеткізу арқылы, ауызекі сөйлеу арқылы өз білімдеріңді көрсету. Ал, іске сәт!

III. Жаңа сабақ.

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері: *«Сөз құпиясы».* Сөздікпен жұмыс жасау. Тақтада сөздер берілген, олармен танысқан соң, оқушылар дәптерлеріне жазып алады. (слайд №5) *Жаза отырып, ойланыңдар, буын үндестігіне бағынбайтын сөздер бар ма?*

1. *«Есіңе сақта!»* (тыңдалым). *Мақсатын айту.*

Мәтін.

Сәрсен Аманжолов (1903-1958 жж.) – қазақтың көрнекті лингвист ғалымы, тілші, ойшылы, тюрколог. С.Аманжолов 1903 ж. Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы «Егінсу» деген жерде дүниеге келген. 1916 жылы Қатон-Қарағайдағы орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы қалалық-реальдық училищеге түседі. 1920 ж. Семей қаласындағы үш айлық мұғалімдік курсқа түсіп, оны жақсы бағамен аяқтайды. 1919-1922 жылдары мұғалім қызметін атқарады. 1922 жылдың 1-мамырынан 1924 жылдың 2-маусымына дейін Бұқтырма уезінде халық соты болады. 1924 жылдың 1-маусымынан 1926 жылдың 1-мамырына дейін

Шығыс Қазақстан облысының Атқару Комитетінде жауапты хатшы, ал 1928-30 жж. Орта Азия жазушылар бюросындағы қазақ жазушылары секциясының төрағасы. 1928 ж. ашылған Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына С.Аманжолов 1931 ж. күзінде оқытушылық қызметке келді. Осы жылы бұл институтта әрі аспирант, әрі ассистент болып жүріп, оқулықтар мен бағдарламалар жазу ісіне кірісті. Жас ғалымның алғашқы еңбектері 1931 ж. Ташкентте басылып шықты. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы» атты кітабы 1932 жылы Алматыдағы Мемлекеттік баспадан басылып шықты. 1934-40 жж. орта мектептерге арналған «Қазақ тілі» грамматикалық оқулық болып шықты. Бұл грамматика мектеп балаларын оқытуда мұғалімдерге ұсынылған тұңғыш оқулық еді. С. Аманжолов – тұңғыш рет жасалған қазақ тілі бағдарламасының авторы. Бұл бағдарлама 1938 жылы жарыққа шықты. 1939-1957 жылдары жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілі диалектологиясының бағдарламасын жасады. Профессор С.Е.Малов С.Аманжоловтың қазақ тіл біліміне, қазақ тілінің орфографиясына сіңірген еңбегіне зор баға берді. 1940 ж. кирил жазуы негізінде қазақ әліпбесін дамытқан. Аманжолов көрнекті тюрколог, қазақ тіл ғылымының терминологиясына үлкен мән берді. Ғалым орфографияға, түсіндірме сөздіктер жасау ісіне зор көңіл бөлді. 1940 ж. орфографиялық сөздігі жарық көрді. 1944-45 ж.ж. «Қызыл Армия үгітшісінің блокнотында» аудармашы әрі редактор қызметін атқарды.

1954 ж. ол Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1948-1958 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясы Институтының тіл және әдебиет бөлімін басқарды. Өмірінің соңына дейін ғылыми-педагогикалық қызметтен қол үзбеген ғалым.

2003 жылы ШҚМ университетіне С.Аманжолов аты берілді.

«Ойланайық, орындайық!» Мәтінмен жұмыс.

1-тапсырма: Аударма (2 тыңдалымнан кейін).

Топпен жұмыс. Топпен аударып, 2 топ кезекпен бір-бірін толықтыра отырып аударды. **Бағалау.**

2-тапсырма: Синонимдерін жаз. Тақтада берілген, мәтіннен алынған сөздердің синонимдерін жазады (слайд №6). Тақтадан тексереді.

Дәптерлеріне жазып алады. **Жеке жұмыс.**

Тұңғыш – ..., есімі – ..., байлық – ..., қызмет – ..., көрнекті – ..., жарық көрді – ..., туған – ..., **Бағалау.**

3-тапсырма: **Мәтін бойынша сұрақтар қою.**

Жүппен жұмыс.

Бағалау.

4-тапсырма: **Диалог. Жағдаят..** (барлық оқушы қатысуы шарт, интонация, диалогты жағдаятқа сай жеткізе білу). **Топпен жұмыс. Бағалау.**

Эмоционалдық жағдай: Слайд №7 «Келісемін – келіспеймін».

Оқушылар бір-біріне немесе мұғалімге сұрақтар қою арқылы сөйлеседі.

Мысалы:

- Мен келісемін, Сәрсен ағамыз Қатон-Қарағай

орыс-қазақ мектебін бітірген жоқ.

- *Жоқ, мен келіспеймін, Сәрсен ағамыз Қатон-Қарағай орыс-қазақ мектебін бітірген және Өскемен қаласындағы қалалық реальдық училищеге түседі.*

- Бәрекелді! Рахмет! Сабағымызды әрі қарай жалғастырайық.

5-тапсырма: Монолог. **Эссе. Мақсатын айту.** Тірек схемасының көмегімен. (слайд №8). Бағалау.

IV. Қорыту. 1. Тестік сауалдар. Слайд №9. Жеке жұмыс.

(Бір-бірлерінің жұмыстарын тексеру, слайд № 9). **Бағалау.**

2. *Нені білдік? Слайд №10. Сабақта қойған мақсатымызға жеттік пе?*

V. Бекіту. Ойтолғау: «Жер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды».

«Ғалым болу үшін, ең алдымен, адам болу керек». (слайд №11). **Қорытынды.**

(Үй жұмысын жазғанша қорытып айту.)

VI. Үйге тапсырма: Слайд №12.

1-деңгей: *Сабақ үстінде талданған мәтінді әңгімелеп келу;*

2-деңгей: *Шығармашылық жұмыс. С.Аманжоловтың еңбек жолы (реферат).*

3-деңгей: Эссе. *«Адам болып оңай туғанмен, адам болып қалу көп қиын».* (слайд №13).

II. Бағалау: Ескеріледі: оқушының сөздік қоры, тіл байлығы, дыбыстардың дұрыс айтылуы, интонациясы, белсенділігі, жауабының нақтылығы, каллиграфиясы.

I нұсқа.

1. *Барыс септігінде тұрған сөзді көрсет:*

А) ғылымының;

Ә) еңбектерінде;

Б) дамуына.

2. *Мақалды аяқтаңыз – «Жер елсіз болмайды, ... »:*

А) «... ел ерсіз болады»;

Ә) «... ел жерсіз болмайды»;

Б) «... ел ерсіз болмайды».

3. Сәрсен Аманжолов қай жылы, қайда дүниеге келген?;

А) 1903жылы Шығыс Қазақстан облысында;

Ә) 1963 жылы Павлодар облысында;

Б) 1889 жылы Оңтүстік Қазақстанда.

4. *«Ғалым болу үшін, ең алдымен, ... »:*

А) «... адам болу керек»;

Ә) «... көп оқу керек»;

Б) «... адал болу керек».

5. *Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді көрсет:*

А) еңбексүйгіштік;

Ә) сыпайыгершілік;

Б) кішіпейілділік.

6. Мағыналары бір, айтылуы әр түрлі болатын сөздер ... :

А) антонимдер;

Ә) синонимдер;

Б) омонимдер.

7. *Сөйлемді аяқта – «Адам мақсатқа ... »:*

А) «... оңай жетеді»;

Ә) «... өзін – өзі жетілдіру арқылы жетеді»;

Б) «... өзін - өзі жеңу арқылы жетеді».
8. Қазақта академик атағын тұңғыш алған кім?:

- А) Сәрсен Аманжолов;
- Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;
- Б) Қаныш Сәтбаев.

9. Керекті жалғауды қой. «Тілің... сенбе, ісің...

сен.»:

- А) е;
 - Ә) ге;
 - Б) не.
10. «Ықпал» сөзінің аудармасы
- А) покровитель;
 - Ә) влияние;
 - Б) вежливость.

II нұсқа.

1. Табыс септігінде тұрған сөзді көрсет:

- А) ықпалын;
- Ә) ауданында;
- Б) дамуына.

2. Сөйлемдегі антонимдерді табыңдар. Адам болып оңай туғанмен, адам болып қалу көп қиын:

- А) оңай, қиын;
- Ә) оңай, қалу;
- Б) оңай, көп.

3. Сәрсен Аманжолов қай жылы, қайда дүниеге келген?:

- А) 1899 жылы қазіргі Павлодар облысында;
- Ә) 1903 жылы Шығыс Қазақстанда;
- Б) 1889 жылы Батыс Қазақстанда.

4. «... ең алдымен, адам болу керек»:

- А) «Адам болу үшін, ... »;

Ә) «Әйгілі болу үшін, ... »;

Б) «Ғалым болу үшін, ... ».

5. Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді көрсет:

- А) еңбексүйгіштік;
- Ә) кішіпейілділік;
- Б) адамгершілік.

6. Айтылуы әр түрлі, мағыналары бір болатын сөздер ... :

- А) антонимдер;
- Ә) синонимдер;
- Б) омонимдер.

7. Асты сызылған сөздің синонимін тап.

«Адам мақсатқа өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді»:

- А) арман;
- Ә) мұрат;
- Б) міндет.

8. Сәрсен Аманжолов кім?

- А) жазушы;
- Ә) ақын;
- Б) ғалым;

9. Керекті жалғауды қой – «Қаныш ағамыздың ғылым арқылы халқы... сіңірген еңбегі зор»:

- А) -на;
- Ә) -ға;
- Б) -не.

10. «Ізденіс» сөзінің аудармасы:

- А) покровитель;
- Ә) поиск;
- Б) заслуга.

Шынар ИСАТАЙҚЫЗЫ,
№34 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Орал қаласы.

БІЗ МҮШЕЛГЕ ТОЛДЫҚ

Сабақ мақсаты: оқушыларға адам өміріндегі мүшел топтары туралы түсінік бере отырып, өмірдің мәнін түсінуге, адамдарды құрметтеуге баулу. Мүшел топтардың ерекшеліктеріне терең үңіле келе, ата-баба мұрасына адалдыққа және оның жалғастырушысы бола білуге тәрбиелеу. Әр мүшел жасты қадірлей білуге, бабалардан қалған өсиет сөздер арқылы келер ұрпақты шыншылдыққа, адамгершілікке, кісілікке үйрету.

Түрі: әдеби-сазды. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қорыту, топтастыру. **Көрнекілігі:** слайдтар (әр жасқа лайық суреттер 1 жас – балапан; 13 жас – гүл; 25 жас – аққу; 37 жас – қыран; 49 жас – жеміс ағашы; 61 жас – тау; 73 жас – кәрі емен түрінде бейнеленген) бейнеклип, ән-баян.

Сабақ барысы.

I. Сыныпты ұйымдастыру.

Сабақтың тақырыбын, мақсатын слайд бойынша таныстыру.

II. Кіріспе бөлімі.

Мұғалім: - Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында Отанын, елін, жерін сүйетін нағыз патриот ұлдар мен қыздар бүгінгі заман үшін ауадай қажет болып отыр.

Ғасырлар бойы ұлан-ғайыр байтақ далада өмір кешкен ата-бабаларымыз тұмардай сақтап бізге жеткізген әдет-ғұрып, асыл тілі, діні мен ділі – бүгінгі бізге аманат.

Салтын сүйіп өскен ұл мен қыз халқын сүйері хақ. Халқымызда он екі жыл бір айналғанда мүшел толады деп есептелген. Сол арқылы ата-бабаларымыз ескіше жыл қайыру әдісімен өзінің қазақша қай жылы туғанын және неше мүшелге толғанын біліп отырған.

«Өмірдің бел-белесін болдырған шақ,

Санасын нұрлы ақылмен толтырған шақ.

«13-те – отауға ие» деген қазақ,

Балиғатқа бас болған балдырған шақ»,- дей келе, балиғатқа бас болған, алғашқы мүшелге аяқ басқан 7 «а» сынып оқушыларының өткелі отырған «Біз мүшелге толдық» атты тәрбиелік кешін бастауға рұқсат етіңіздер.

Ендеше, кезекті әсем биге береміз.

Мүшел – адам жасының әрбір 12 жылдан тұратын бөлігі (Жыл қайыру туралы аңыз айту).

Бірінші мүшел он үш жаста толады. Оған он екі жастан қосып отырсаңыз, келесі мүшел шығады. Өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын 12-ге бөлу керек.

Қалдықсыз бөлінсе, ол «мешін» жылы болғаны, қалдық біреу болса, оның «тауық», екі болса – «ит», үш болса «доңыз», төрт болса – «тышқан» жылы болғаны. Сөйтіп кете береді, қазақ жасын мүшелмен осылай есептеген екен.

Адамзат туған анадан, Өнеге қалса данадан,
Ақылы іске жараған. Өсиеті елге тараған.
Адамның жасын атаулы Бір мүшел жасты халқымыз
Мүшелге бөліп балаған. Есейген шақ деп санаған.

Көркейер көңіл батадан, Сөнбесе сенім санадан,
Үлгі алып өссең атадан. Ынтымақ кетпес анадан.
13-ке толсаң, қазақта, Кешегі күндер үлгісі
Бір мүшел жас деп атаған. Аңызбен, жырмен тараған.

Мұғалім: - Әрбір мүшелдің өзіне тән ерекшеліктері, өзіне тән жұмбақ сыры бар. Ендеше, әрбір мүшел жасқа толған адамдардың бойындағы қасиеттерге тоқталып өтейік.

Бірінші оқушы: - Он үш жас (10-13 жас аралығы – қозы жас, гүл) – кейбір нәзік балалар үшін қауіпті, өйткені баланың бойындағы өзгеріс кезеңі жәйімен өтсе қауіп жоқ, ол күрт өзгерсе, кейбір балалар жүрек, жүйке ауруларына ұшырауы мүмкін деседі. Осындай мүшел есік қаққанда: «О, құдірет, мені осы мүшелден қатерсіз өткізе гөр!» деп Аллаға жалбарынатын болған.

Екінші оқушы: - Жиырма бес жас (13-25 жас аралығы – қой жас, аққу) – жігіттіктің алғашқы сатысы. Ол кезде ер жігіт бусанып, дене құрылысы

өсіп, жетіліп, тасып тұратын кез. Бұл мүшелде де садақа беріп, келесі мүшелге дейін аман-есен болайын деп ниет етеді.

Үшінші оқушы: - Отыз жеті жас (25-37 жас – жылқы жас, қыран) – адам өміріндегі ең басты мүшел. Бұл мүшелде адам жігіттіктен мосқалдау кезеңге өтіп, байсалды болып, жан-жағына байыппен қарап, ой тоқтатқан, күш-қуаты толысқан, әрбір іске ақыл-парасатпен қарайтын кезі.

Төртінші оқушы: - Қырық тоғыз жас (37-49 жас – патша жас, жеміс ағашы) – бұл адамның даналыққа аяқ басатын кезеңі. Бұл мүшелде кейбіреуі немере сүйсе де, кәрілікке мойын бұрмай, «Маған кәрілік келмесе екен, әлі де болса қартаймай, ойнап-күліп қалайыншы» дейтін шағы.

Бесінші оқушы: - Алпыс бір жас (49-61, 61-73 жас – пайғамбар жас, тау) – адамның даналығы артып, өзінен туған балаға сын көзбен қарап, басқан ізін аңдып, жасам-жақсыны ажыратып, өзі де тәрбиеге келетін кезең.

Бұл мүшелге толған кісі дүниеге мүлдем басқа көзбен қарап, кәрілікті мойындауға болар-болмас көңіл бөлетін сәті.

Алтыншы оқушы: - Жетпіс үш жас (73-85 жас – қарттық кез, кәрі емен) – бұл мүшелде кәріліктің мойынға мініп, аяғын тұсап, отырса – тұруы, тұрса – отыруы мұң, жатса ұйқы жоқ, адамның діңкесі құрып, «айхай, жас кезім-ай» деп көкірегі қарыс айырыла күрсініп, дөңбекшіп барып ұйықтайтын

кезең.

Жетінші оқушы: - Сексен бес жас (85-97 жас – кәрілік кезең, алып бәйтерек) – бұл мүшелде адамның айдай басы қатып, өзінен кейінгілермен бала құсап ұрсып, жеген тамағын жеген жоқпын деп, өкпешіл болатын кез. Оған жеткен де бар, жетпеген де бар деседі.

Сегізінші оқушы: - Адамның өмірінде әр қилы жағдайлар болады. Ол үйлену, балалы болу, отбасының қуанышы және мүшел тойлары. Мұсылман халқы тойдан қашпаған. Дегенмен, шілдехана мен мүшел жасты атап өту – адамзаттың ең басты тойлары. Әр адам баласы мүшел жастан өткен сайын садақа беріп, жеті нан үлестіріп келеді.

Тоғызыншы оқушы:

Жасымызға жас қостық, Еркін күліп ойнаймыз,
Жақсы күнде бас қостық. Ертеңді де ойлаймыз.
Арманы бір құрдастар, Туыстықты қастерлеп,
Ағайын боп достастық. Туған күнді тойлаймыз.
Балалар, адамның жасына байланысты
жырауларымыздың, би-шешендеріміздің даналық
сөздері де баршылық, мысалы, Бұқар жыраудың:

13 деген жасыңыз –

Жаңа өскен құрақтай.

Жиырма деген жасыңыз –

Ағып жатқан бұлақтай.

Отыз деген жасыңыз –

Жарға ойнаған лақтай.

Қырық деген жасыңыз –

Ерттеп қойған құр аттай.

Елу деген жасыңыз –

О да бір көшкен ел екен.

Алпыс деген жасыңыз –

Қайғылы-мұңлы күн екен.

Сексен деген жасыңыз –

Қараңғы тұман түн екен.

Тоқсан деген жасында –

Ажалдан басқа жоқ екен.

Қалмақ ханы Қоңтайшыны алмастай өткір сөзімен састырған Қазыбек би небәрі 13 жаста еді.

Сахналық көрініс.

Оқушыларға ойын ойнатылады. Шарты: әр оқушы адам бойынан табылатын жақсы қасиеттердің ең маңызды дегендерін қағазға жазады. Жазған қасиетке қай оқушы лайық деп ойласа, сол оқушыға береді.

Мүшелге толған оқушыларға бата беріледі.

- «Баталы ер – арымас» деген, қолдарыңды жайыңдар.

Жасың ұзақ, ғұмырлы бол,

Ата-салтына ұғымды бол!

Өнер-білімге зейінді бол!

Ата-анаң мейірлі бол!

Діл, дініңе берік бол!

Жақсыларға серік бол!

Шаңырағың биік, мығым болсын,

Төріңе бақ, Қыдыр қонсын!

Батамды Алла тағала қабыл етсін,

Ел-жұртыңды ынтымақты халық етсін! Әумин!

Нұрқанат ОЛЖАС,
№173 мектептің оқушысы.
Қызылорда облысы.

ҚЫЗЫЛОРДАМ, СЫРДЫҢ ЕЛІ, ЖЫР ЕЛІ

Қызылордам, сенен шабыт алайын,
Өзінде аштым ақындықтың сарайын.
Сен көркейсең мен де бірге жайнаймын,
Қойнауыңнан құт-береке табайын.

Тіршілікте, қасиетті Сыр елім,
Сені сүйген ұланыңның бірі едім.
Әлемдегі жеті мынау керемет
Жетпес саған, соны жырлар жүрегім!

Көз жіберсем бай екенсің бәріне,
Мұнайға да, жер үстінің кеніне.
Байлығыңды үйлестіріп отырсың
Жаны жомарт текті қазақ еліңе.

Ақ маржаның берекелі, ырысты,
Дүниеде ашты ғажап тынысты.
Таңдайымнан дәмі ешқашан кетпейді,
Алтын, күміс жолында оның ығысты.

Сыр сыйлады Сырдария өзенің,
Өйткені, ол - мәңгі өлмес өзегің!
Төрт мезгілде төрт бейнең бұл құлпырып,
Шырқады әнін балдай тәтті көженің!

Қызылордам, Сырдың елі, жыр елі,
Сенен, сірә, қалған жоқпын бір елі!
Бір өзіңе өлеңіммен білдірем
Күндей ыстық сезімімді киелі.

Мерейтойың келе жатыр бүгінде,
Осал емес арқаңдағы жүгің де.
Саған деген махаббатым мәңгілік
Сезіледі азаматтық үнімде!

**Сансызбай МӘДИЕВ,
Пазыл БИСЕНБАЕВ,
әдебиетші ғалымдар.**
Алматы қаласы.

НИЗАМИДІҢ «ЕСКЕНДІР-НАМЕ» ДАСТАНЫ: ТАРИХИЛЫҒЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НЕГІЗІ

«Ескендір-наме» жайлы аз жазылған жоқ. Низами шығармашылығын жете зерттеп, оннан астам зерттеу еңбек қалдырған ғалым Е.Э.Бертельс поэмаға мынадай баға береді: «Ескендір-наме» – өсиет-нақылға құрылған поэма, ол елді басқару мен билеушілерге бағыт беретін туынды» [1, 445].

Поэманың өзгешелігі, ол патшаларды Ескендір үлгісінде елді қалай басқару керектігіне үйретеді. Бұл жағдайда Ескендір – мінсіз билеуші, ал оның қызметі – мінсіз басқарудың үлгісі. Е.Э.Бертельс осы бір тақырыптың Низамидің ертеректе жазылған поэмаларында қалай көрініс тапқанына мән бере келе, «Ескендір-наме» арқылы негізгі түйіні жасалды деп есептейді.

Поэмадағы проблемалық мәселелерге кең түрде назар аударып қарағандардың бірі – А.О.Маковельский. Оның ойынша, Низами үш мәселенің түйінін шешеді: олар – қоғамдық құрылыстың қайсысы жақсы деген мәселе және шынайы білім мен шынайы діннің кілті неде?

Поэмада мінсіз мемлекеттің екі түрі аталады: мінсіз билеуші келген жағдайда ғана қазіргі мемлекеттік құрылысты сақтап қалуға болады, ал қазіргі құрылыс талқандалған жағдайда қоғамдық теңдік орнайды. Маковельскийдің айтуынша, Низами мінсіз билеуші Ескендірдің образын жасағанмен, әрі қарай оның істі соңына дейін бітірмегенін көреді және өзі жасаған образды әшкерелеп, жоққа шығарады: «Низамидің «мінсіз билеуші» дегеніміз орындалмайтын арман екеніне және қоғамдағы әділетсіздікті жою қоғамдық құрылысты түбірімен өзгерткенде ғана мүмкін болатынына көзі жетеді». [2, 65]. Мұндай болжам, әрине, артығырақ болуы да ықтимал, өйткені XII ғасырда қоғамдық құрылысты түбірімен өзгерту керек деген төңкерістік идея ақынның үш ұйықтаса түсіне кірмеуі мүмкін. Сонда осыншама уақыт бойы мінсіз билеушінің образын жасап, сосын соңғы тараулардың бірінде оның дәрменсіздігін көрсетудің не қажеті бар? Біздіңше, ақын алдына басқа мақсат қойған сияқты. Алайда А.О.Маковельский көрсеткен басқа екі проблема, шынында да, өте маңызды және олар поэманың негізгі идеялық желісінен алшақ кете алмайды.

Низами «Ескендір-наме» арқылы не айтқысы келді? Алғашқы тарауларда-ақ ақын өзінің байыпты көзқарасын танытады:

«Бұл жазба құпия әлемнің көмбесі жайлы,
Мен көп қазыналардың кілтін аштым.
Кім алтын кілтті қолға алса,

Қазыналарға жол ашатын бойтұмарға ие болады»
[3, 69].

Бұл әдеттегі өзін-өзі мақтау емес. Ақын өзінің бірде-бір шығармасына дәл «Ескендір-намедегідей» терең идеяны енгізбеген. Поэма көп нәрсеге адамның көзін ашады. Өмірінің соңында ақын әлемде не болып жатқанына мән берместен, бәрін ұмытып, поэмаға барлық күшін жұмылдырады:

«Биік үйлердің есігі аспан күмбезі сияқты,
Мына әлемді көрмес үшін пердені жаптым.

Уақыттың ұршығы қалай айналып жатқанын да білмеймін,

Нендей жақсылық пен жамандық арпалысып жатқанын да білмеймін». [3, 57].

Бұл жұмыс айтарлықтай күшті талап етті, себебі поэманың мәні, шынында да, жоғары еді.

«Жарқыраған мына күміс суымен
Мен жерді кірден тазарттым. [3, 58].

Мен теңіз сияқты жаумын, ұятты жақтадым,
Айна сияқты айыптарды іздеген дос емеспін». [3, 55].

Алғашқы тарауларда ақын Ескендірдің мінсіздігі туралы аз сөз етеді, ол көргенсіздік пен жаман қылықтарды айыптап, өзінің поэмасын солармен күресуге арнағысы келеді, сөйтіп адамдарға өмірдің шынайы жолын ашып беруге тырысады.

Низамидің өмірге деген көзқарастары аздап сопылықты еске түсіреді. Екі өмір бар – өткінші жердегі өмір және аспани мәңгілік өмір. Адамдар өлім туралы ұмытып, қамсыз-қайғысыз жүре береді, алайда олар жердегі іңкәрлікке елти бермей, өлімді әрқашан естен шығармағандары жөн.

«Тақ тұрғызғаннан не пайда,
Негізгі орынымыз – көр, тақ емес.
Алтын тақ біздің орынымыз емес
Аяғымызда – темір кісен. [3, 251].

Ақын тіршіліктің қам-қарекетінен арылып, мәңгілік өмірге дайындалуды үндейді.

Низами мен сопылықтың ұқсастығы осымен бітеді. Е.Э.Бертельс: «Низамидегі сопылық әлемнен қол үзген аскеттердің патологиялық өзін-өзі бақылауы мен экстатикалық елесті іздеулерінен алшақ жатыр. Сопылықтың негізгі тірегі – болашақтағы өмір үшін тірлік ету, физикалық әлем деген – сағым ғана. Егер Низами де осы көзқарастарды ұстанған болса, мемлекеттің құрылымы туралы мәселелерге бас қатырмаған болар еді». [1, 448].

Айта кетейік, ақынды мемлекеттің құрылымы туралы мәселелер ғана толғандырып қоймайды, оған мәңгілік қазынаға апарар кілт – адам өмірінің ағысы қалай өтіп жатқаны да маңызды. Оның пайымдауынша, жердегі өмір – мәңгілік өмірдің бір бөлшегі. Низами әрбір адам бұрын өмір сүргендердің, сондай-ақ, әсіресе, болашақтың алдында да қарыздар деп есептейді. Жердегі өмірдің мәні – аспани өмір үшін қарыздан босау.

«Сен әлемнің торындасың, қарыздарсың,
Қарызыңды өтесең, ол тордан құтыласың. [3, 85].

Осы бір көзқараста Низамидің өзіндік гуманизмінің тамырлары жасырынып жатыр. Өлім алдында барлық адам тең – демек, жерде зорлық-зомбылық болмауға тиіс. Зорлық мәнсіз де мағынасыз, пайдасыз, ол тек адамды кемсітіп, қалғандарының өмір сүруіне

кедергі жасайды. Зорлықтың қандай пайдасы бар, егер бәрі ақырында күлге айналып кететін болса? Зорлықты қарызды өтеумен қалайша біріктіруге болады? Бұл жерде Қытайға зор әскермен кетіп бара жатқан Ескендірге қытай ханының жауабын алсақ та жеткілікті:

«Сен және мен – күл ғанамыз, ал күл – жерде,

Адам күл сияқты көнгіш болу керек.

Барлық үстемдік күлге айналғанша ғана,

Күлге айналғасын ешкім ешкімнен артық емес».
[3, 286].

Низами өмірдің мәні мен одан шығар адам тәртібінің нормаларын осылай түсінеді: мәңгілік өмірге дайындық барысында адам бәріне бойұсынып, туғанда маңдайына жазылған қарызынан әділ түрде құтылуы керек. Жерде адамды кемсітетін зорлыққа жол жоқ. Адам ісінің негізінде оның басқа адамдарға пайдалылығы туралы ұстаным жатыр:

«Бұл тірлікте ұзақ жылдар бойы

Өзгеге кесірің тимейтіндей өмір сүр [3, 81].

Әрине, Низамидегі өмір пәлсапасы жабығыңқылау, алайда ол, тіптен де, тақуалық емес. Мәңгілік өмірге дайындық жердегі игіліктер мен рақаттардан бас тарту дегенді білдірмейді.

Ақын егер біреуге кесірің тигізетін іс жасасаң, соны қылмыс, ұят санайды да, одан басқаның бәріне көз жұма қарайды. Ескендірдің қытай күңімен жарастығы туралы тараудың кіріспесінде Низами өмірге деген эпикуршылдық қатынасты насихаттайды:

«Күнделікті істі ойлап азаптанудың пайдасы не,
Бәрібір қанша күш жұмсасаң да бір күн де қосылмайды.

Қайғырудың қажеті жоқ, ойнап-күл,

Мына сарай қайғыру үшін салынған жоқ.

Өмір қуаныш пен бақыт үшін жаралған,

Жоқшылық пен таршылық үшін емес. [3. 361].

Ақын мұнда да жоқшылық пен таршылыққа жол бермеу керектігін айтады. Ешкімге зиянды тигізбестен бақытты өмір сүр. Әрі қарай оның өлең жолдарында қобалжу сезімдері басымырақ:

«Кеше» өтіп кетті, «ертең» әлі туған жоқ,

Бүгінгі күніңді шаттықпен өткіз.

Бүгінгі күнінде ойнап-күл,

«Ертең» келгенде ертеңгі істі ойлармыз» [3, 361].

«Ақша үшін түнеріп, тұнжырама,

Бас аман болса – болғаны.

Өмірге сонша берілме,

Өлімің қиын өтеді,

Әрбір сәтінді бағалап, жеңіл өмір сүр,

Өмірге жеңіл қараған адам жеңіл өмір сүреді»
[3, 362].

Осылайша, Низами «Ескендір-намеде» өзінің өмірге деген философиялық көзқарасын білдіріп, адам бақытқа жету үшін өмірде нені басшылыққа алуы керектігі туралы ережелерді анықтап береді. Низами осы ережелерді адамдарға жеткізіп, соған сендіруге тырысуды басты мақсаты етіп қойды. Бірақ оның поэмасы – философиялық трактат емес.

Низами шынайы өмірдің жолын Ескендір қызметінің үлгісінде бейнелейді. Ескендір туралы оқиғалардың тарихи шындықтан алшақ екені белгілі, оның өмірінің әрбір эпизоды нақты бір моральдық жағдайлардың бейнелі материалына айналды, ал бүкіл өмірі – өнеге. Ескендір жолы – бұл шындық жолы.

Низами Ескендір қызметін үш аспектіде қарастырады: алыс қиырларды жаулаушы, данышпан және әулие. Және бұл үш сипаттама оның дамуының әрі қарайғы баспалдақтарын көрсетеді. Мінсіз билеуші – Ескендір дамуындағы төменгі саты. Шынайы ұлылыққа ол ғалым-философтармен сусындаған данышпандықты игергеннен кейін және әулиелік атаққа ие болған соң қол жеткізеді.

Поэманың «Шараф-наме» деген бірінші тарауында Ескендір әділдік үшін күресуші, әліздердің қорғаны ретінде бейнеленген. Ол – адамдарға бақыт сыйлаушы, солардың аман-саулығы үшін күресуші. Ескендір соғысты да әділдік үшін жүргізеді. Дарийдің қатыгез басқаруынан езілген парсылар кедейлене түсті, ертеңгі күнге деген сенімдерін жоғалтты. Ескендір оларға осы бір сенімділікті қайта оралтты. Ескендірдің орыстармен соғысының себебі – жатжерліктердің Бердаға басқыншылық жасауы. Ескендір бақыт пен әділеттілік әкелді, ол – мінсіз басқарушы. Осы бір патшалықтағы әділдіктің қозғаушы күші – Ескендірдің адамдарға деген махаббаты, оларды зұлымдық пен зорлықтан құтқаруға тырысуы.

«Адамсүйгіштігінен ол қаншама жақсылық жасады,

Оны түсіндіруге ақыл-ой жетпес» [3, 87].

Әділдік сезімі Ескендірді алдаған кездер де болды. Ол Дарийді сатқындықпен өлтіруге қарсы болмады, әрине, бұл парсылардың өз патшасына деген наразылықтарына негізделген еді. Ескендір екі оттың ортасында қалды: әрине, өз жауынан осылайша құтылу оңай-ақ, бірақ осы әділдік пе? Ол жауын әркім де осылай мұқатады деп жұбатқанымен, қателескен еді. Ескендір Дарийді сатқындықпен өлтіруге келісім беріп, сосын өлтірушілерді жазалау арқылы әділетсіздік жасады. Енді ол өзін де осылай өлтіруі мүмкін екенін еске алады. Өйткені өзі көрсеткен үлгідегі сатқындықтан енді ол өзін арашалай алмайды. Ескендірге төгілген қанның есесі қайтады деп айтқанда ол қорқыныштан дірілдеп кетеді.

«Осы бір ойдан Ескендір қалшылдап кетті,

Суық желден қалтыраған күзгі жапырақтай.

Дарийдің қаны үшін кек алатындардан қорықты,
Бұл көпірден өту оңай емес» [3, 176].

Ескендір – әділдік үшін ғана емес, сенім үшін де күрескер. Ол зороастриялық пұтқа табынушылардың ғибадатханаларын талқандады. Дұрыс сенім болмаса, өмірдің шынайы мәні ашылмайды. Әділдік үшін күресті Ескендір құдайдың аманаты деп ұғады.

Байтақ аймақтарды мінсіз басқару Ескендірге сенім мен жайбарақаттық бере қойған жоқ.

«Ол қанша патша болғанмен,

Бұл жол – қайғы-қасірет жолы [3, 168].

Әрине, Ескендір бақытты, өзгелерді де бақытты ете алды, атақтың шыңына жетті, бірақ оның өмірі – қайғы-қасірет жолы, өйткені ол неге өмір сүріп жүргенінің мағынасын түсіне алған жоқ. «Құтқару жолы – келісімде» [3, 263] дейді Низами, бірақ оның кейіпкері бұл шындықты түбегейлі түсінуге жете қойған жоқ. «Шараф-наме» тарауында адамды өлтірмейтін су іздеу туралы айтылатын жер бар. Ескендір өз тағдырынан алар сыбағасын ұмытты, адамдардың алдында қарыздар екенін ұмытты. Бұл тарауды Низами былайша қорытады:

«Егер біз үшін бірдеңе егілген болса,

Біз де басқалар үшін егеміз.

Әлемнің егілген жеріне қарасақ,

Бәріміз де егіншіміз, біріміз басқамыз үшін» [3, 381].

Ескендір өлмейтін өмірге ұмтылды. Өмірдің нағыз қайнар көзі – керемет бұлақта емес, өлімде. Адамзат алдындағы парызын өтеп, адам басқа әлемге аттанады – мәңгілік өмірдің мәні мен шынайы өлмес өмірге қол жеткізу деген осы.

«Ескендір шынайы өмір жолына бағыт алды,

Мәңгілік өмір бұлағына аттанды.

Өз бақытының арқасында өмір бұлағынан

Мәңгілік өмірге қол жеткізем деп ойлады.

Ол өмір бұлағына апаратын жол іздеді,

Енді сол бұлақты тапты» [3, 77].

Ескендір дамуының келесі сатысы – оның данышпандыққа ұмтылуы. Ол мінсіз басқарудың

арқасында атақтың шыңына қол жеткізді, өлмес су іздеудің сәтсіз сапарына көндігіп, білімнің меруерттерін жинауға кірісті. Низами Ескендірдің рухани жетілу үдерісін сипаттайды. Ақын бұл жолда ақыл-нақылға құрылған, мінез-құлық туралы мысал-аңыздарды енгізеді. Оқырман алдында Шығыс данышпандығының көмбесі ашылады. Ескендір басқаша күйге енді. Ол Жаратушының алдына бойұсынып, бұрынғы ұмтылыстарының атаққұмарлыққа құрылғанын түсінеді.

Жерге бетін тигізіп иілді ол,

Жаратушының айтқанына көндігіп, бас иді.

Болған нәрсеге алғыс айта отырып,

Қазіргі жағдайына көмек сұрады. [4, 30].

Ескендір үнді ғұламасымен әңгімесінде данышпандық танытады. Мұнда ол Низамидің өмірлік философиясының негізгі жағдайларын баяндайды. Алайда ғылыми ой тереңдігінің шынайы әрекеті – әлемнің пайда болуы туралы мәселені талқылау. Осы мәселені шешу арқылы Ескендір білім шыңына жеткенін көрсетті, әрі қарай жылжудың керегі жоқ.

Ескендір дамуының жоғары сатысы – әулиелік атаққа қол жеткізуі. Ескендір әлемнің төрт тарабын аралауға әуестенді, сол арқылы қалғып жатқан жандарды оятып, жарық ақыл-ойдың бетіндегі пердені жұлып тастамақ болды. Ескендір ғұламалар мектебінен өткендіктен әулиелікке дейін жетілді. Е.Э.Бертельстің айтқанымен келісе беруге болмас: «Патша – пайғамбар дәрежесіндегі халықтың құлы». [1, 356]. Онда Ескендірге философиямен айналысудың не қажеті бар? Жоқ, данышпандыққа ие болу

– адам өмірінің шынайы жолындағы қажетті саты. Ескендір мінсіз билеуші және данышпан боп қала береді, бірақ пайғамбарлық – оның жердегі жетілген аманатының куәсі. Аристотель, Сократ, Платонның ғұлама ойларымен қарулана отырып, Ескендір жердің әр түкпіріне шынайы сенім таратады.

Солтүстікке сапарында Ескендір мінсіз мемлекетке тап болады – ол жерде адамдардың бәрі тең құқылы, жеке меншік жоқ, адамның бәрі бақытты әрі ұзақ өмір сүреді екен. Бұл мемлекеттің сипаттамасы әдетте «утопия» деп аталады. Бұл мінсіз билеуші көрген мінсіз қоғам еді, ал бір қызығы, бұл мінсіз қоғамда билеуші жоқ екен, Ескендір ұятқа қалғандай болды: бұл оның өзі іздегенінен де жоғары тұр.

Неге бұл ғажап мемлекетте адамдар жақсы өмір сүріп жатыр? Былай қарасаң, түсінікті сияқты: олардың қоғамы ұжымға біріккен, оларда бәрі ортақ, жері бай. Бірақ Низами бұл сыртқы ауқатты өмірді ақынның өзі насихаттап отырған моральға утопиялық қоғамның адамдарының бой ұсынумен түсіндіреді. Олар әділетті, зорлық-зомбылыққа жаны қас, өмірлері бақытқа толы. Олар Құдайға сенеді, олардың сенімі шынайы және оларға бақыт әкеледі, өйткені олар тек бір Құдайға ғана медет қылады. Өз істерінің дұрыстығын сезіну, әділдік пен шынайы сенімнің біріктірілуі – бұл адамдардың бақытты болуының кепілі.

«Біз бәріміз...

Ақкөңіл халықпыз. Құдайға табынамыз.

Шындыққа ғана қызмет етеміз, көзің жетеді әлі-ақ.
Сөзімізде жалғандық жоқ,
Арамдықты ашумен қуып шығамыз,
Құдай не жаратса, соған көнеміз.

Ешкімге жамандық жасағымыз келмейді» [4, 214].

Әрине, Низами тағы да өлім мен оған деген қарым-қатынас туралы айтады. Егер жер бетіндегі өмір әділетті болса, адамдар ана әлемге еш уайымсыз өтеді және бұдан қайғы-қасірет жасамайды, өйткені аспани өмір – жердегі өмірдің лайықты жалғасы, ол – болмай қоймайтын нәрсе.

«Өлгендерге көз жасын төкпеу – өмірлік өсиет,
Жер бетінде ажалдың дәрісі жоқ» [4, 214].

Осылайша, Солтүстіктегі керемет мемлекеттің сипаттамасы Низами идеяларын дұрысқа шығаруға қызмет етті. Адамдар дұрыс өмір сүрді, керек бақытқа қол жеткізді. Мінсіз адамдармен кездесудің Ескендір мінезін дамыту үшін де маңызы болды. Осыншама ғажайып қоғамды көрген Ескендір өзінің қиялдары мен рақатқа толы ойларынан біржола арылады:

«Осы олжа да жетпей ме? Мен рақаттан құтылдым
Халықтың арқасында» [4, 215].

Ескендір осылайша үш кезенді басынан өткеріп, бақытқа жетеді. Оның барлық тарихы шындыққа апаратын жол болды. Низамидің өмірлік философиясында гуманистік сипаттар (адамға қызмет ету, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, адам үшін бақыт пен бостандықтың қаншалықты керек екендігі) басым, бірақ олар орта ғасырлардағыдай діни үгіттің ішіне еніп кетті.

Низамиді, әсіресе, өмір мен өлім мәселесі қатты толғандырды. Ақынның өлімнің заңды нәрсе екені, о дүниенің өз қуанышы бар екені жайлы жиі айтылған ойларына қарамастан, поэманың соңғы тараулары – өте жабығыңқы және өлім салтанатының бітпес қайғысы туралы баяндалған. Ескендір осының бәріне көндіккен, ол ажал табалдырығында тұр. Кенет ол өзіне ғұламаларды шақыруды талап етеді: мүмкін олар мұны өлімнен құтқарып қалар, бұған өлуге әлі ерте ғой. Алайда күші кетіп, әлсіреген ол тағы да тағдырына бойұсынатынын айтады. Низами Ескендірдің солып бара жатқанын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, өліп бара жатқан адамның психологиялық күйін аса бір нәзіктікпен жеткізеді. Дегенмен, поэманың қорытынды тараулары түнерген сипат алады. Ескендір өлімінен кейін Румды дәп бір індет жайлап алғандай болды: Ескендірдің анасы, Аристотель, Хормус, Платон, Валис, Булинас, Фарфорий, Сократ өледі. Бұл адамзатқа берілген қатаң ескерту сияқты еді: адам әрқашан өлімді естен шығармай, оған жер бетінде әділ өмір сүріп жүріп дайындалу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бертельс Е.Э. Низами. Монография.-Москва, 1962;
2. Маковельский А.О. О поэме Низами «Искандернаме».-Баку, 1947;
3. Низами Гянджави. Искандернаме. Часть 2. Баку, 1953;

Көмекші құрал

Айсұлу ӘЛИАСҚАРҚЫЗЫ,
«Құралай» жалпы орта
мектебінің мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы,
Тұрар Рысқұлов ауылы.

«АБАЙТАНУ» КУРСЫ

1. Түсінік хат

1. «Абайтану» курсының бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы – заңдылық.

3. Бағдарламада:

Абай мұрасының ХХ ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылды;

ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті

мәселелер топтастырылып берілді;

Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды;

Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінді;

4. Бағдарлама Абай Құнанбайұлының:

қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын:

ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігін;

шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуын және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығын;

Абайдың әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін;

Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын қамтиды;

Абайтану ілімін қалыптастырған М.Әуезовтің Абайдың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, Абайдың ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйелеп беруінің маңызы мен мәнін оқушының ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуіне;

курстың соңына қарай: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп өсиет қалдырған қайраткер, кеменгер ойшыл Абай «Қазақтың бас ақыны» ретінде

танылуына бағытталған.

5. Курсты оқытудың мақсаты:

1) ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдыларымен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

7. Курсты оқытудың міндеттері:

1) қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орыны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру.

2) ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу, көркем туындының тілдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрету, жастардың өмірден өз орынын табуға бағыттау;

3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына дарыту, ақын идеяларын

күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу, шығармаларының адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету.

4) абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам тұғырнамасына (концепциясына) қатысты өзекті мәселелерді айқындау. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орынын көрсету;

5) ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен таныстыру;

6) ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлендері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту;

7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету;

8) Курс жүктемесінің көлемі:

1) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

2) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

3) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34

сағат.

2. Оқу пәнінің 9-сыныптағы базалық білім мазмұны

9. Кіріспе. Адамзаттың Абайы – 1 сағат. Пән туралы түсінік, мақсат-міндеттері. Абайтанудың өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Абайдың 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі. Абайды оқыту, түсіндіру, жұртқа таныту жолындағы абайтану ғылымы мен қазақ мектебінің міндеті туралы.

10. «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» тарауын оқытуға – 10 сағат бөлінген:

1) Абайдың өмірі – 2 сағат, ақын өмір сүрген заман, ата-тегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі; әлеумет ісіне араласуы, Абайдың рухани дүниетанымының өсу және қалыптасу кезеңдері;

2) ақынның халық даналығын тануы – 1 сағат, Абай ақындығының бастаулары, ақынның білім алған мектептері және білімін кеңейту арналары, ауыз әдебиеті Абайдың үлгі алған қайнар бұлағы, қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз әңгімелерін әжесі Зереден, халық ақындары Дулат, Шөже, Байкөкше, Балталардан естіп, жадына тоқуы;

3) Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар – 1сағат, Абайдың араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеруі, шығыс әдебиеті Абайдың нәр алған рухани мектебі, Абайдың алғашқы шығармашылығына тән шығыстық сарындар, Абай шығармаларындағы шығыстық сипаттарды зерттеудің бүгінгі бағыт-бағдары, Абай шығармаларының шығысқа қатысы жайын түбегейлі

қарастырып, ғылыми деңгейге көтерудегі Мұхтар Әуезовтің еңбегі, Абай шығармашылығына шығыс әсерінің М.Мырзахметұлының еңбектерінде жаңаша зерттелуі, Абай шығармашылығының шығыс әдебиетімен және шығыс мәдениетімен байланысын қарастырудағы жаңаша көзқарастар мен тың бағыт-бағдар;

4) Абай және орыс әдебиеті – 1 сағат, Абайдың орыс әдебиетіне ден қоюы, орыстың ұлы классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен қатар революционер-демократ ағартушылар Герцен, Чернышевский, Добролюбовтардың еңбектерін оқуы, ақын аудармаларының қазақ әдебиетін жаңа ой орамдарымен байытуы, Абай аудармаларының ерекшеліктері;

5) Абай және Пушкин – 2сағат, Абайдың Пушкиннен аудармалары, ақын аудармасында көркем бейнелі ойдың ұлттық танымға сай тәржімалануы, «Онегиннің өлердегі сөзі» өлеңі Абайдың өзінің тапқан көркемдік шешімі екендігі, аударманы түпнұсқамен салыстыра оқығанда көрінетін ерекшеліктер;

6) Абай және батыс әдебиеті – 2 сағат, Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің тарихи-элеуметтік негіздері, Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық ізденісіне ауыз әдебиетінің, шығыс, орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің зор ықпалы болғандығы, Абайдың өлең құрылымында да, ойшылдық, сыншылдық алымында да орыс әдебиетінің ықпалы бар екендігі, Еуропаның

ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысуы, Дж. Байрон «Көңілім менің қараңғы», А.Мицкевич «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И.В.Гете – М.Ю.Лермонтов «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдері;

7) Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы –1сағат, Абай өлеңдерінің шет тілдерге аударылуы, өзге тілге тәржімаланған ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері.

11. «М.Әуезов және абайтану мәселелері» тарауын оқытуға – 4 сағат бөлінген:

1) Абай мұрасын зерттеушілер және абайтану ғылымының қалыптасуы – 2 сағат, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов және т.б. зерттеушілердің ақын шығармалары жайында айтқан пікірлері;

2) М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері – 1 сағат, Абай мұрасы жайында, ақын мұрасын тану, насихаттау, таныту жолындағы ізденістер, Абай шығармашылығы турасындағы шығыс және батыс әдебиетіне қатысты мәселелер;

3) ақын шығармаларының басылымдары – 1 сағат, ақын мұрасының XX ғасырдың алғашқы ширегінде жинақталуы, жариялануы және оған ықпал еткен адамдар, Кәкітай Ысқақұлының Абай шығармаларының ең алғашқы жинағын шығарудағы еңбегі.

12. «Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы» тарауын оқытуға – 10 сағат бөлінген:

1) «Ғылымға көңіл берсеңіз» – 5 сағат, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің басты идеясы – жастарды ғылым, білімге үндеу, халықтың болашағы үшін ғылым-білімнің маңызын, мақсат-міндетін айқындауы, ғылым, білімді уағыздаған ағартушы ақынның ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы;

2) «Интернатта оқып жүр» өлеңінің негізгі тақырыбы, білім алу, ғылым, өнер үйрену, ақынның ағартушылық-демократтық көзқарастары, жас шәкірттерге «Пайда ойлама, ар ойла» деп артық білуге талап қылуды аманаттауы, отаршыл патша өкіметінің жымысқы саясатына орай «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге» деп өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салуы, еңбексіз, ықылас-ынтасыз, михнатсыз нағыз ғылым, білімнің қолға түспейтінін айтуы;

3) «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде жастарды еңбек етіп, оқу оқып, білім алуға шақыруы, ақынның өсиет айтып, келешекке бағдарлама боларлық өлеңі, өлеңнің тағылымдық-тәрбиелік мәні, ғалым болу мен адам болу мәселесінің өзара сабақтастығы жайындағы ақын пікірі, Абайдың ғылыми ой-пікір қорытуы;

4) «Сегізінші» қарасөзіндегі ақыл, насихат туралы пікірі, ғылым, білім, ар, ұят жайлы пайымдаулары, ақыл, білім жөніндегі философиялық тұжырымы;

5) «Он жетінші» қарасөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық

ой түйіні;

«Жиырма бесінші» қарасөзінде озық елдердің өнерін, ғылымын, білімін үйреніп, зарарынан қашық, пайдасына ортақ болуға үндеуі, «Балаң бала болсын десең, оқыт» деп өсиет айтуы;

6) Абай қарасөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі. «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» – 5 сағат, Абай қарасөздерінде көтерілген негізгі мәселелер және даналық ой-пікірлері, ақынның халқына айтқан өсиет-насихаттары, қарасөздеріндегі пікірлерінің өлеңдерінде айтылатын ойларымен тығыз байланысы, өзіндік ерекшелігі;

7) «Екінші» қарасөзіндегі ақынның халқын намысқойлыққа, еңбексүйгіштікке, іскерлікке шақырған идеялары, халықтың бойындағы жағымсыз қылықтарды сынай отырып, одан арылудың жолдарын көрсетуі, ұлттық дамудың тиімді экономикалық маңызын назарға салуы, еліне еңбекқорлықты, іскерлікті, мал табу жолдарын айтқан өсиетнамасы;

8) «Оныншы» қарасөзіндегі бала тәрбиесі туралы ойы, «Ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқтығын» айта отырып, баланы оқуға, білім алу жолына бағыттаудың маңызын көрсетуі;

9) «Он сегізінші» қарасөзіндегі киіну мәдениеті туралы көзқарасы, ақынның кербездік ұғымы жайындағы топшылау-тұжырымы, адам баласының ақыл, білім, ар, мінез сияқты нәрселермен озатындығын үлгі-өнеге етіп қалдыруы;

10) «Он тоғызыншы» қарасөзінде Абайдың адамның естілігіне психологиялық, педагогикалық талдау жасауы, ақынның ес туралы ой тоқтамы,

естігенді еске сақтаудың маңыздылығы жөніндегі ой-пікірі;

11) «Отызыншы» қарасөзінде Абайдың адам мінездеріндегі жағымсыз әрекеттерді сынауы, ар, есті, намысты білмей тұрып, адамдық, арлылық, батырлық болмайтындығына қатысты тұжырымы, өлімнің, өмірдің мәні туралы философиялық танымы.

13. «Абай танымындағы ән мен күй» тарауын оқытуға – 4 сағат бөлінген:

1) Абай әндерінің таралуы – 1 сағат, ән мен күй, өнер күдіреті туралы толғанысы, жақсы әннің көкейге ой салатын эстетикалық мәні, Абай әндерінің мазмұны, халық арасына таралуы турасында, Абай әндерінің халық әндерімен ұқсастықтары және айырмашылықтары, Абайдың музыкалық туындыларындағы әуен мен ырғақтар;

2) «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» – 3 сағат, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өзгеге, көңілім, тоярсын» өлеңдері мен күйлері, «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас» әні, ән мен күйдің халықтың өмірінде алатын орыны, ақынның ән және күй өнері туралы пікірі, Абайдың қазақ музыка өнеріне енгізген жаңалығы хақында, Абай әндерінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері.

14. Поэмаларын оқытуға – 2 сағат бөлінген:

1) «Ескендір» поэмасы, поэманың тақырыбы мен идеясы және көркемдік маңызы, ақын поэмасының романтикалық және реалистік сипаты, поэманың сюжеті мен композициясы, эпикалық дастандағы

Ескендір мен Аристотель образдары, Абайдың шағын поэма жазудағы шеберлігі.

15. Қорытындылауға - 1 сағат бөлінген.

3. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны.

16) 10-сыныпқа арналған «Абайтану» курсы оқу пәнінің білім мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады.

17) Кіріспе. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» – 1 сағат, Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігі. Ақынның келешек ұрпаққа арнаған адамгершілік жайлы өсиеттері. Қазіргі кездегі Абай ілімінің өзектілігі.

18) «Абай мұрасының XX ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдары зерттелуі» тарауын оқытуға – 2 сағат бөлінген:

1) Абайтану мәселесіне қатысты әр алуан көзқарастар, әлеуметтік-саяси идеялар, Ғ.Тоғжанов, Н.Төрекұлов, І.Қабылов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, З.Шашкин, т.б. Абай еңбектеріне қатысты зерттеулері, ой-пікірлері.

19. «Абай шығармаларындағы білім, өнер тақырыбы» тарауын оқытуға – 6 сағат бөлінген:

1) ақын қарасөздеріндегі философиялық ойдың ұлттық дүниетаныммен үндес келетіндігі, Абайдың өнер, еңбек, талап, ықылас-ынта, қайрат-қажыр, терең ой, т.б. адами қасиеттер турасындағы ой тұжырымдары;

2) «Талапты ерге нұр жауар» – 2 сағат, отыз екінші қарасөзіндегі ғылым, білім үйренудің мақсатын айқындауы, ғылым-білімді іске жарату, оны ақиқат

мақсатпен үйренуге назар аударуы, хақиқат, ақыл, бақас ұғымдары жөніндегі танымы.

3) «Еңбек етсең ерінбей» – 1 сағат, отыз үшінші қарасөзінде қазақтың қолы өнерлі адамын Абайдың әулие санауы, жастарға артық ісмерлер іздеп, өнер арттыруды, түзден өнер іздеуге бағыт-бағдар көрсетуі, қолөнерді дамытуға кері әсер ететін талапсыздық, еріншектік, мақтаншақтық, тамыршылдық кеселдерінен сақтануды айтуы;

4) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі – 2 сағат, өлеңнің идеясы, өлеңге қойған эстетикалық талабы, ақындықтың мұрат-мақсаты туралы, поэзияның қоғамдық мәні мен міндетіне зор маңыз беруі, аят, хадис, бәйітсымал, мешіт, мінәжат, уәли сынды дін деректерімен өлеңнің бағасын халық ұғымына түсінікті етіп айтып беруі, сөздің асылы ретінде поэзияны жоғары бағалауы;

5) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі – 1 сағат, поэзияның әлеуметтік мәні жөніндегі тың түйіні, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі, ақынның «өлеңі бар, өнерлі інілеріне» жөн-жоба көрсетуі.

20. «Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер» тарауын оқытуға – 7 сағат бөлінген:

1) Абайдың табиғаттың көркем көріністерін жырлайтын лирикалық туындылары, табиғат құбылыстарын күнделікті өмірмен, адамдардың күнкөрісімен, іс-әрекетімен, көңіл-күйімен астастыра суреттеу шеберлігі;

2) Табиғат лирикасы – 3 сағат, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде ақынның түнгі табиғат

көріністерінің әсем суретін поэзия тілімен өрнектеуі, ақын кейіпкерлерінің сезім толқыныстарын табиғат құбылыстарымен астастыра бейнелеуі.

3) «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңіндегі Абайдың өз тұсындағы қоғамдық, тұрмыстық жүйеге көзқарасы, елдің шаруашылық әрекеті, тіршілік тәсілі, табиғат қабағын баққан мінезін суреттеу шеберлігі;

4) «Көлеңке басын ұзартып» өлеңінде ақынның адам көңіл күйін шебер суреттеуі, ақынның тыңдаушысын таппай қапаланған шағындағы сезім толғанысы, ақынның философиялық ой түйіні;

5) Абайдың қарасөздеріндегі еңбек туралы таным мен толғам – 2 сағат, отыз жетінші қарасөзіндегі Абайдың дүниетанымдық көзқарастары, адам болмысы жайындағы танымы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарды түсіндіруі, ақынның көңілде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеуі;

6) «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңі – 2 сағат, ақынның адал еңбекпен мал табуды насихаттауы, ар-ұяттан безген тойымсыз би, болыстарды шенеуі, адамның үш асыл қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген ой түйіні;

7) «Түбінде баянды еңбек егін салған» өлеңіндегі ақынның жас ұрпақты еңбек етуге, отырықшылыққа шақыруы, оқу оқып, білім алуға, білімін халықтың қажетіне жаратуға үндеуі.

(Жалғасы бар).

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.
Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Жұрнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №6552-Ж Қуәлігі берілген.

Басуға 06.08.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 425.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: **KazUlagat@mail.ru**

Басылатын жері – И.П. Асубаев С.Ш

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №6, 2013 ж., 144 бет, Алматы.